БЕЙСЕНБІ
№82 (4330)
27.07.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ДІНИ ВАНДАЛИЗМ БІРАУЫЗДАН АЙЫПТАЛУҒА ТИІС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Еуропаның бірқатар мемлекетінде болған Құранды өртеу актілерін қазіргі әлемдегі жағдайды шиеленістіруге, халықтар мен мемлекеттер арасындағы сенімге нұқсан келтіруге бағытталған арандатушылық әрекет деп санайды.

Қазақстан – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізуге бастамашы болған мемлекет. Бұл форум дәстүрлі діндер мен конфессиялардың көрнекті өкілдері арасындағы тиімді әрі табысты диалог алаңына айналды.

Президенттің пікірінше, жиілеп кеткен діни вандализм мен аталған елдер азаматтарының жауапсыз әрекеті мемлекеттер мен діндердің бейбіт қатар өмір сүруіне кері әсерін тигізеді. Бұл жалпыға ортақ нормаларға қайшы келетін акциялар ретінде бірауыздан айыпталуға тиіс.

БҰҰ Бас Ассамблеясы да бұл мәселеге қатысты өз ұстанымын білдіруі керек.

ҚҰМАРЛЫҚ СОҢЫ – ҚҰРДЫМ

Елімізде лудомандар саны 350 мың адамнан асты. Бұл биліктің азаматтарды құмар ойындардың құрығынан қорғауда пәрменді шаралар қабылдай алмағанын көрсетеді. Депутаттар айтқандай, казиноларды қозғап жүріп Қонаевқа, шулап жүріп Щучинскіге көшіргенмен, мәселе толық шешілмеді. Құмар ойындардың індет ошағы шырмауық секілді өрімдей жастарымызды шырмап, есірткіге еліткен жандай ес-түсінен айырып, түрлі онлайн-казино мен терминалдарға телміртіп қойды. Сондықтан ел Үкіметі алда Парламентке букмекерлер мен казиноларға қатысты жаңа заң жобаларының топтамасын әкелмек. Не өзгереді?

4 ▸▸

ӘКІМДІ НЕ АЛАҢДАТАДЫ?

Ауылдың қазіргі ахуалы, шешімін таппай келе жатқан өткір проблемалар, ауыл әкімінің рөлі мен мәртебесі және олардың қызметтеріндегі кедергілер – осы және басқа да өзекті мәселелер «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиевпен кездесу барысында жан-жақты сөз болды. Партия атынан сайланған ауылдық округ әкімдері көкейде жүрген көп сауалын жеткізіп, алдағы атқарылатын жұмысты бірге талқылады.

3 БЕТ

АТ ҮСТІНДЕ АТОЙ САЛҒАН ЕВА

Ертеден ат үстінде күн кешіп, түн қататын көшпенді бабалардың ұлттық ойындары да атпен байланысты болды. Әсіресе, көкпар, бәйге дегенде ішкен асын жерге қойып, делебесі қозбайтын қазақ жоқ десек болар. Көкпар – білекті де жүректі, тақымы тастай берік жігіттердің сүйікті ойыны болды. Ал қыз баланың көкпар тартуы қазақ үшін таңсық десек болардай.

8 БЕТ

ҮЙЛЕНУ ОҢАЙ...

Қазір үйлену үшін айлап кезек күтіп, АХАЖ бөлімінің табалдырығын тоздырмайсыз. Қолыңыздағы смартфонның көмегімен электронды үкімет порталы немесе Halyk Homebank және Kaspi.kz мобильді қосымшалары арқылы некені тіркеуге өтініш білдіресіз. Осылайша, неке рәсімдеудің жолы да жеңілдеді. Бірақ қоғам белсенділері некені онлайн тіркеуге қарсы. Себебі бұл үрдіс ажырасу санын арттыруы мүмкін. Бір қызығы, елімізде АХАЖ-ға тіркелу цифрланғанымен, 90-жылдардағы неке деректері әлі қамтылмаған.

Бірнеше күн бұрын Kaspi.kz мобильді қосымшасындағы мемлекеттік қызметтер тізімінде некеге тұруға өтініш беру мүмкіндігі пайда болды. Қызметті алу үшін өтініш толтыру керек. Одан кейін 1 АЕК (3 450 теңге) көлемінде мемлекеттік баж төленеді. Өтініш жіберген адамның болашақ жары 48 сағат ішінде өтінімді растауы қажет. 15 күннен кейін АХАЖ органдары жас жұбайлардың қатысуымен некені тіркейді. Бұрын бұл рәсімге бір ай уақыт кеткен. Блогерлер мен қоғам белсенділері бірден сервисті тестілеуге кіріскі және некеде тұрғандар, тіпті жақын туыстары да онлайн өтінімге рұқсат ала алатынын анықтады. Айталық, медиа-тренер Ақерке Берлібай эксперимент үшін әкесінің ЖСН-ы арқылы банк қосымшасынан өтінім беріпті.

(Жалғасы 5-бетте)

ІШКІ ТУРИЗМ ІЛГЕРІЛЕСІН ДЕСЕК...

Ішкі туризмді дамыту бағытында кейбір бастамалар сәтті жүзеге асып келеді. Ең бастысы, отандастарымыздың елдегі табиғаты ерекше жерлерді аралап, тамашалауға ниеті күшейді. Алайда бұл саладағы әттеген-айлар аз емес. Осы тұста біз ішкі туризмнің өзекті мәселелеріне мән беріп, бұл бағытта жаңа бағдарлама құру бастамасын көтеріп жүрген, тәжірибе жинақтаған сарапшылардың пікіріне құлақ түрдік. Отандық туризмнің оң және олқы тұстары мен жүзеге аспай жатқан әлеуетіне үңілдік.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

Туризм индустриясының дамуы жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашады. Туризм саласында жұмыс істейтіндер қатарының артуы шалғай өңірлердегі жұмыссыздықтың азаюына, бюджетке салық түсімдерінің көбеюіне ықпал етеді.

6 ▸▸

ӘЙЕЛГЕ КЕЛГЕНДЕ ӘДІЛЕТ ТҰНШЫҒАДЫ

Бүгінде бізде тұрмыстағы тирандардың тепкісінен зардап шеккендерді байқамайтын бір «қоғам» бар.

Құқығы аяққа тапталып, агрессордың ашса алақанында, жұмса жұдырығында отырған жәбірленушілердің құзырлы орындардан көмек сұрауы жиілеген. Бұл да елдегі көзі ашық, көкірегі ояу әйелдердің санасы өзгеріп, зорлық-зомбылыққа тосқауыл қою шараларының жемісін беріп жатқанының көрінісі де шығар. Қазір жәбірленуші «102» каналына, не болмаса ұялы телефоннан SOS мобильді қосымшасы арқылы хабарлама жіберуіне болады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша жұмыс істейтін осы сенім телефондарында бір минут тыным жоқ. Оның сыртында шарасыз қалған әйелдер әртүрлі дағдарыс орталығы мен қорларға, психологтердің сенім телефондарына қоңырау соғады.

(Жалғасы 5-бетте)



26 МЛН ТЕҢГЕ ҮНЕМДЕГЕН

Жыл басынан бері Kids go free бағдарламасы арқылы 600-ден астам бала тегін ұшақ билетімен қамтылды. Ел ішіндегі саяхатты таңдаған 300-ден астам қазақстандық отбасы 26 млн теңгеге дейін үнемдеген.

Kids go free – Мәдениет және спорт министрлігі әзірлеген отбасылық туризмге арналған бағдарлама. Қазақстандықтар туристік оператордан ел ішіндегі бағыттар бойынша туристік пакет сатып алғанда 2 жастан 17 жасқа дейінгі балаларға тегін авиабилет ала алады. Бағдарлама аясында орта есеппен бір турда екі бала саяхаттайды.

Мәселен, маусым айында ең тиімді саяхат Астана – Шымкент – Астана бағыты бойынша тіркелген.

«Бағдарлама бойынша саяхаттау оңай әрі қолжетімді. Ол үшін kids.gofree.kz сайтына кіру керек. Кеңес алыңыз және отбасыңызға сәйкес келетін тур пакетін таңдаңыз. Қажетті құжаттарды ұсынып, тур пакетін сатып алу үшін келісімшарт жасаңыз және балаларыңыз үшін тегін әуебилетін алыңыз», – дейді МСМ Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рыспеков.

АСТАНАДА АВТОБУС ТАПШЫ

Елордаға 400-ге жуық автобус керек. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында «№1 Автобус паркі» АҚ басқарма төрағасы Медет Шақаев айтты.

«Астана қаласының «№1 Автобус паркі» елорданың бүкіл маршруттық желісінің шамамен 70 пайызын қамтиды, яғни 38 қалалық бағдарға және 28 қала маңындағы (100%) бағдарға қызмет көрсетіп келеді. Жылжымалы құрам Iveco, Yutong маркалы ыңғайлы автобустардан тұрады. Олардың саны 700-ге жуықтады. Кәсіпорында 1 472 адам жұмыс істеп жатыр, оның 1 013-і жүргізуші қызметінде», – деді М. Шақаев.

Жалпы, қалада 6 автобус паркі қызмет көрсетіп жатыр. Күн сайын елорда көшелерінде 850-ден астам автобус жүреді.

«Астанада халық саны жыл сайын артып келеді. Қазірдің өзінде шамамен қалада 400 автобус жетіспейді. Біздегі автобустарды пайдалану мерзімі орташа есеппен 6-9 жылға жетті. Астанадағы жолаушылар тасымалы ережесі бойынша автобустардың пайдалану мерзімі 14 жылдан аспауы керек», – деді кәсіпорын басшысы.

ЕСІК АЛДЫНА ЕСІРТКІ ЕККЕН

Түркістан облысы Түлкібас аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғынның бірі үйінде құрамында есірткісі бар өсімдік егіп, сақтағаны туралы хабарлама келіп түсті.

Күдікті ретінде жергілікті тұрғынды анықтап, оның тұрғылықты мекенжайына тінту жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде күдікті ер адамның ауласынан егілген 79 түп есірткіге ұқсас өсімдік табылып, тәркіленді.

Сондай-ақ жүк көлігінің салонынан бес газетке оралған есірткіге ұқсас зат, ал қорасынан төрт орама, аулада тұрған диванға жасырылған бір есірткі орамасы алынды.

Тағайындалған сараптаманың қорытындысы бойынша егістіктен алынған өсімдік сора, сонымен қатар орамадағы есірткілер 500 грамға жуық марихуана болып шықты.

Аталған фактіні полицейлер ҚР ҚК-нің 296-бабы 2-бөлігі («Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу») және ҚР ҚК-нің 300-бабы 2-бөлігі («Құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсіру») бойынша тіркеуге алды.

ҚОРҒА ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ АУДАРДЫ

Алматы қаласының тумасы, Forbes тізіміндегі Хорват азаматтығы бар кәсіпкер Василий Анисимов «Қазақстан халқына» қорына 22 миллиард теңгеден астам қаржы аударған. Ақпаратты қордың баспасөз қызметі растады.

«Қазақстан халқына» түскен түсімдер туралы есепте осы жылдың 1 қаңтары мен 30 маусымы аралығында қорға 23 миллиард 404 миллион 145 мың теңге түскені көрсетілген.

Бұл қаражаттың басым бөлігін – 22,3 млрд теңгені хорватиялық миллиардер Василий Анисимов аударған.

Василий Анисимов 1951 жылы Алматыда дүниеге келген. Ол бүгінде Швейцариядағы Coalco әзірлеу компаниясының иесі және Ресейдегі ең ірі тау-кен металлургиялық холдингтерінің бірі Металлинвесттің бұрынғы тең иесі. Forbes мәліметтері бойынша 1,6 миллиард долларлық жеке байлығымен былтыр ол Ресейдегі 200 ең бай бизнесмен тізімінде 54-орынды иеленді.

2022 жылдың желтоқсанында Анисимов Хорватия азаматтығын алғаны белгілі болды.

42 АДАМ ПОЙЫЗ АСТЫНА ТҮСКЕН

Елімізде жыл басынан бері 42 адам пойыз астына түскен, олардың тең жартысы қаза тапты. Оның ішінде 3 бала бар.

«Мысалы, алдыңғы демалыс күндері төрт адам пойыз астына түсіп кете жаздады. Аталған фактілер Ақмола, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркелді. Абырой болғанда, барлық жағдайда пойыз машинистері жылжымалы құрамды тоқтатып, қайғылы жағдайдың алдын алды», – делінген Көліктегі полиция департаменті таратқан хабарламада.

Сондай-ақ биыл еліміздің көлік полицейлері темір жолдарды белгіленбеген жерлерден кесіп өткені үшін 15 355 адамды анықтап, әкімшілік жауапкершілікке тартты.

Сонымен бірге пойыздардың шұғыл тежелуі фактілері де болған. Бүгінге дейін 930 факті тіркелген, оның 224-і адамдардың себебінен болса, 572 факті теміржол төсемінде үй жануарларының болуына байланысты болған.

ЖАЙЫЛЫМ ЖЕРЛЕРДІҢ ЖАЙЫ НАШАР

Еліміздегі ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жайылым жерлердің 40 пайызы нашар күйде. Мұндай деректер ғарыштық мониторинг нәтижесінде белгілі болды.

«Былтыр көктемде Қазақстанның 60 ауданы бойынша жайылым алқаптардың 26,2%-ы өте нашар және 33,4%-ы нашар жағдайда екені анықталды», – деді Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралмағамбетов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде.

Ал биыл көктемде жүргізілген мониторинг қорытындысы негізінде жайылым жерлердің жай-күйі мынадай: 40% жайылым жердің жағдайы өте нашар; 4 млн гектар жайылым жер қатты дәрежеде деградацияланған; өсімдіктердің орташа өнімділігі – гектарына 4,6 центнер.

ЖЫЛЫТУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МҮШКІЛ

Жаңа жылыту маусымының басталуына небары екі ай қалды. Өткен маусымдағы көптеген олқылық пен апатты ескерсек, қыстың қамын жазда ойлап, ертерек қамдануға қарекет қылу керек. Оның үстіне, бұл салада жылу желілерінің тозуы, мамандардың тапшылығы сияқты бірқатар қордаланған мәселе бар. Осы және өзге де түйткілді мәселелер «AMANAT» партиясының Партиялық бақылау комитетінің отырысында көтерілді.

Жылу энергиясын өндіретін нысандардың басым көпшілігінде белгіленген ережелер мен талаптар сақталмайды. Бұл туралы Комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев мәлімдеді. «Нысандарға жөндеу жұмысы жүріп жатыр. Бірақ өкінішке қарай, барлық жерде жұмыстың қарқын мен көлемі ойдағыдай емес. Біз мәселені бақылауда ұстаймыз. Алайда біздің комиссиялар мемлекеттік органдардың есептері көбінесе нақты жағдаймен сәйкес келмейтінін анықтап отыр», – деп атап өтті ол.

ПБК төрағасы Комитеттің жұмыс тобы жылу энергетикасы саласында орын алып отырған жағдайды талдау үшін ауқымды жұмыс атқарғанын және қордаланған проблемаларды шешу жолдарын ұсынғанын жеткізді. Партиялық бақылау комитетінің мүшесі Мирас Шекеновтің айтуынша, бүгінде елімізде жылу энергиясын өндіру секторында 37 ЖЭО жұмыс істейді, оның 15-і мемлекеттік меншікте және әртүрлі қуаттылықтағы 2 500-ге жуық қазандық бар. Олардың 80%-ы көмір пайдаланады.

Былтыр 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЖЭО құрал-жабдықтарының 66%-ы тозығы жеткен. Әсіресе, жылу желілерінің ең жоғары тозу көрсеткіші (60%-дан астам) Павлодар (82%), Қарағанды (68%), Абай (68%) және Шығыс Қазақстан (66%) секілді қысы ұзақ өңірлерде орын алып отыр.

«Энергетика министрлігінде және жергілікті атқарушы органдарда орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінің техникалық ахуалы мен өнімділігі туралы толық және сенімді ақпарат болмай отыр. Бұл саланы сапалы жоспарлау мен дамыту үшін қазіргі жағдайын бағалауға мүмкіндік бермейді. Білікті мамандардың тапшылығы және саладан тәжірибелі мамандардың кетуі де күрделі проблема. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, сектор мамандарының орташа айлық жалақысы еліміздегі орташа еңбекақыдан 15%-ға төмен. Бірінші басшылардың тиісті білімінің болуына жасалған талдау жұмысы аудит жүргізілген нысандардағы алты басшының тек екеуінің ғана арнайы білімі бар екенін көрсетті», – деді Мирас Шекенов.

Толыққанды заңнамалық базаның болмауы және саланы реттеуде айтарлықтай құқықтық олқылықтардың болуы да өз алдына бір мәселе. Жылу энергетикасын реттеудің толыққанды құқықтық негізін белгілейтін жеке салалық заң жоқ. Тиісті заң жобасын әзірлеуді Энергетика министрлігі биыл ғана аяқтады.

Партиялық бақылау комитетінің жұмыс тобы бір мемлекеттік органда жылу энергетикасы жүйесін реттеу саласындағы функцияларды орталықтандыру жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажет деген қорытындыға келді. Сондай-ақ жылыту маусымына дайындықты уақытылы атқармағаны және жылыту маусымында жіберілген олқылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленуі керек.

Энергетика министрлігіне де тиісті ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, ведомство жылумен жабдықтау саласынан білікті мамандардың кетуі мен тапшылығына жол бермеу үшін шаралар кешенін әзірлеуі қажет. Ал Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі қолданыстағы жылу желілерінің тозуын азайту үшін іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітуі тиіс. Өз кезегінде жергілікті атқарушы органдар жылу энергиясын өндіру және тасымалдау субъектілерінің күзгі-қысқы маусымдағы жұмысқа әзірлік төлқұжаттарын алуына тиімді мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етуі қажет. «Кез келген нысанның дайындық төлқұжатын алмауы жаппай орын алатын үйреншікті құбылыс емес, нағыз төтенше жағдай болуы тиіс екенін баса айтып өткім келеді. Мемлекеттік органдар үшін де, біздің партиялық бақылау комиссиялары үшін де мұндай ТЖ – нақты әрекетке баратын тікелей нұсқау. Бұл істе жеке қазандықтар да назардан тыс қалмауы керек», – деп қорытындылады Павел Казанцев.

ӘКІМДІ НЕ АЛАҢДАТАДЫ?

Ауылдың қазіргі ахуалы, шешімін таппай келе жатқан өткір проблемалар, ауыл әкімінің рөлі мен мәртебесі және олардың қызметтеріндегі кедергілер – осы және басқа да өзекті мәселелер «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиевпен кездесу барысында жан-жақты сөз болды. Партия атынан сайланған ауылдық округ әкімдері көкейде жүрген көп сауалын жеткізіп, алдағы атқарылатын жұмысты бірге талқылады.

Атырау қаласында өткен жиынға бейнебайланыс арқылы Ұлттық экономика министрлігінің өңір дамуына жауапты өкілдері де қатысты. Ауылда жылдар бойы шешімін таппай, бітеу жара сияқты сыздап жатқан мәселенің, бітпей тұрған көп шаруаның бір ұшы әкімге келіп тірелетіні анық. Мұнда бюджет мардымсыз, маман тапшы, қол қысқа, техника жетпейді деген сыңайдағы көп кедергі бар. Мәселен, Құрманғазы ауданы Теңіз ауылдық округінің әкімі Қайсар Махсутов коммуналдық шаруашылық мекемесін құрып, штат бірлігін қоса отырып, ауылдық округ әкіміне беру қажет деп есептейді. Оның айтуынша, бұл саладағы мемлекеттік сатып алу жүйесі тиімсіз болып тұр.

«Ауылға универсал трактор, өрт сөндіретін және вакум-ассенизатор және ауыр жүк көліктері ауадай қажет. Қазір ауыл округтерінде бір ғана трактордан бар, бірақ олар дизель отынымен қамтамасыз етілмеген. Тағы бір мәселе округте арнайы мамандар жоқ. Жерге шешім шығару, мемлекеттік сатып алу сияқты өзге де жағдайларда – заңгер, салық көздерін қалыптастыру үшін – салық маманы, көше жарығын, электр желілері мен трансформаторларды қарау үшін электрик штат бірліктері қажет», – деді ол.

Сондай-ақ әкімдер ауыл аумағында орналасқан кен орындары мен уақытша жұмыс жасаушы компанияларға табыс салығын және қоршаған ортаны ластағаны үшін салынатын айыппұлдарды ауылдық округтің есеп шотына аудартуды сұрады. Бұл ауылды абаттандыру, көгалдандыру, әлеуметтік әлсіз топтарды қолдау сияқты көптеген мәселені жергілікті деңгейде шешуге мүмкіндік берер еді.

Сонымен қатар әкімдер бұрынғы, бір көзден сатып алу мүмкіндігін қайтып беруді сұрайды. Ауылдық округ көлемінде 3 мың айлық есептік көрсеткіштен аспай жасалатын жұмыс пен қызметтер «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 39-бабы 42-тармағында көрсетілген. Бірақ бір көзден алу тәсілі осы заңның 41-бабы 1-тармағымен шектелген. Бұл өз кезегінде жергілікті жердегі кәсіпкерлікті дамытуға және атқарылатын жұмыс пен қызметтердің уақытылы, сапалы орындалуына кедергі болуда.

Жиында көтерілген тағы бір мәселе – әкімдердің мәртебесіне қатысты болды. Қызылқоға ауданы Тасшағыл ауылдық округінің әкімі Гүлшара Нәдірқызы бұл мәселені заңмен реттеу қажет деп есептейді.

«Қолында билігі мен қаржысы жоқ ауыл әкімдерінің сәт сайын кездесетін тұрғындар проблемасын түбегейлі шешуге еш қауқарсыз екені ауыр да болса шындық. Сондықтан бұл мәселе арнайы заңда нақтылап көрсетілуі керек деп санаймыз. Бұл – тек менің ғана емес, ауылдық округ әкімдерінің ортақ ұсынысы», – деді Гүлшара Нәдірқызы жиынға қатысқан әріптестерінің ойын түйіндеп.

Өз кезегінде партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиев сайланған ауыл әкімдеріне халыққа берген уәделерінің толық орындалуы ең маңызды міндет екенін атап өтті.

«Сайлауалды бағдарламалардың орындалу барысын біз жіті қадағалаймыз. Берген уәденің уақытылы, сапалы орындалуы – партияның абыройы. Сондықтан оған бір кісідей атсалысуымыз керек. Сіздерге көрсетілген сенімсіздік – партияға деген сенімсіздік. Осыны әрдайым естен шығармаңыздар. Жұмыс барысында кедергі көп екенін бүгінгі кездесу көрсетті. Партия жанынан арнайы топ құрып, айтылған барлық мәселені біртіндеп шешуге кірісеміз. Қалай болғанда да, сіздердің халық игілігі үшін тиімді жұмыс істеулеріңізге барлық мүмкіндікті жасаумыз керек», – деді партия Хатшысы.

Маңызды мәселелер шешімін табу үшін жиында айтылған ұсыныстар топтастырылып, Үкіметке жолданатын болды.

«ХАЛЫҚҚА КӨМЕК» ТҮЙІНДІ ТАРҚАТАДЫ

«AMANAT» партиясы қоғамдағы өзекті мәселелерді дер кезінде әрі тиімді шешу үшін қоғамдық қабылдау бөлмелері «жедел әрі бір жерде» қағидасымен жұмыс істеуін қатаң қадағалайды. «Халыққа көмек» партиялық жобасының басты мақсаты – азаматтардың арыз-шағым, өтініштілектерін дер кезінде шеше отырып, әлеуметтік проблемаларға көмек көрсету. Аталмыш жоба арқылы жыл басынан бергі 7 айда «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде 506 қабылдау болып, 512 өтініш қаралған. Бүгінде оның 193-і оң шешімін тапқан. Бұл туралы филиалдың атқарушы хатшысының орынбасары Бегайдар Төлегенов атап өтті.

«Шешімін тапқан мәселелердің бірқатарын атап өтуге болады. Мәселен, «Халыққа көмек» партиялық жобасы аясында 2023 жылдың 24 наурыз күні «AMANAT» партиясы Қаратау аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесіне хабарласқан Нұртас шағын ауданының тұрғындары атауы жоқ көшеге шағал тас төсеу жұмыстарын жүргізу мәселесі бойынша көмек сұрап қабылдауға келген болатын. Аталған мәселені қалалық мәслихат депутаты Қайрат Имашев өз бақылауына алды. Нәтижесінде, аталған көшеге депутат демеушілігімен 2,2 шақырым жолға шағал тас төселді. Ал Базарқақпа тұрғын алабындағы Алай және Балқан көшелерінің тұрғындары мәслихат депутаты Байкен Аширбаевтан көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, асфальт төсеуді сұраған. «AMANAT» партиясы фракция мүшесі тарапынан жолданған депутаттық сауалдың нәтижесінде мердігер мекеме «Қазығұрт-Проект» ЖШС орташа жөндеу жүргізіп, асфальт төсеп берді», – деп атап өтті Бегайдар Мұсаұлы.

Сонымен қатар биылғы сәуір айында «AMANAT» партиясы Абай аудандық партия филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесіне хабарласқан Шымкент қаласының тұрғыны «Авто-Нұр» базарына қатынайтын жол маңына мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жаяу жүргіншілер жүретін жолақ қарастырылмағанын айтып, аталған мәселені шешуге ықпал етуді сұрап өтініш білдірген. Көп ұзамай партияның ықпалымен «Авто-Нұр» базарына кіретін негізгі көшенің бойына көлік кептелісін болдырмау және жаяу жүргіншілер қауіпсіздігін қамтамсыз ету мақсатында жаяу жүргіншілер жолағы салынған.

Жалпы, Шымкент қаласындағы партия филиалына тұрғындар тарапынан келіп түскен өтініштер қатаң бақылауға алынып, шешімін тауып жатқанын атап өткен жөн.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ҚҰДЫҚҚА КҮНІ ҚАРАП ОТЫР

Ақмола облысы Егіндікөл ауданының тұрғындарын сумен қамтамасыз ету мәселелері алаңдатады. Бұл «AMANAT» партиялық бақылау комитетінің отырысында да егжей-тегжейлі талқыланды.

Қорғалжын ауданының аумағы арқылы өтетін су құбырының жиі бұзылуына байланысты 3 сәуірден бастап Қоржынкөл және Бауман ауылдарына ауызсу толық бармай қалады. Ал биыл 2 маусымда Егіндікөл ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланды.

«Бүгінде Мемлекет басшысының 2025 жылға дейін Қазақстан халқын таза ауызсумен 100% қамтамасыз ету туралы тапсырмасының орындалмай қалу қаупі бар. Осы ретте, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің бірде-бір басшылығы біздің отырысқа қатыспады. Біз бұл ақпаратты Үкімет басшылығының назарына жеткізетін боламыз», – деп атап өтті ПБК төрағасы Павел Казанцев.

Бұл мәселені бұған дейін де тұрғындар, жергілікті атқарушы органдар мен партия филиалы бірнеше рет көтерген болатын. Нұра топтық су құбыры 14 564 тұрғыны бар 24 елді мекенді сумен қамтамасыз етеді. Су құбырындағы қазіргі жағдайды Партия орталық аппаратының партиялық бақылау инспекторы Айжан Ысқақова баяндады. Оның айтуынша, су құбырының 90%-ы тозығы жеткен. «Тіпті, басқа да жерлерде су жиі тоқтап қалады. Жыл басынан бері су құбырында 79 апат тіркеліп, ал жекелеген учаскелерде су шығыны 70-80%-ға жетті. Елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету үшін магистралды желілердің зақымдалған учаскелерін толық ауыстырып, магистралды су құбырын жаңалау қажет. Су құбырын толық қайта жөндеуден өткізу үшін шамамен 16 млрд теңге көлемінде қаражат керек», – деді Айжан Ысқақова. Сондай-ақ ол мұндай жағдайлар жиі болатынын жеткізді. Апат орнында тек су мұнарасының операторы мен жергілікті слесарь ғана жұмыс істеп жатыр. «Іс жүзінде қосымша күштер мен техника жұмылдырмайды. Сонымен қатар бұл қызметкерлерге үстемеақы да төленбейді. «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК төтенше жағдай режиміне де, халықтың арыз-шағымына да, БАҚ ақпараттарына да мән бермейді», – дейді инспектор.

Жұмыс тобының мүшелері су құбырының бірнеше апаттық учаскелеріне барды. Олардың айтуынша, шіріген құбырлардың салдарынан су халыққа жетпей, далаға ағып жатыр. Ақмола облысынындағы көптеген елді мекен халқы аулаларына құдық қазып амалдауда. Тұрғындар екінші жыл қатарынан құдықты пайдаланып жатқандықтан, айналадағы көлдер тартылып жатыр. Ал Егіндікөл ауданы әкімдігі халыққа, оның ішінде әлеуметтік нысандарға, су бағаналары жоқ екі қабатты құрылыстарға су жеткізіп беруде.

«2021 жылдан бастап Егіндікөл аудандық партияластар Мәжіліске, Сенатқа, Су ресурстары комитетіне, «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ға және экология және табиғи ресурстар министріне ресми түрде кемі 15 рет жүгінген. Бірақ мәселе күннен күнге шиеленісіп барады. Ал қарапайым халық мәселенің оң шешімін тапқанын сарыла күтуде», – деп атап өтті Комитет мүшелері.

Жиын қорытындысы бойынша, ПБК төрағасы Павел Казанцев Мемлекет басшысының 2025 жылға дейін еліміздің барлық тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жөніндегі тікелей тапсырмасының орындалмау қаупі барын айтып, осы мәселе бойынша материалдарды Президент әкімшілігіне жіберуді ұсынды. «Бұдан бөлек, партияның Ақмола облыстық филиалына осы мәселені ерекше партиялық бақылауға алуды және Егіндікөл ауданының тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету мәселесін шешу бойынша барлық шараны қабылдауды тапсырамын», – деп қорытындылады Павел Казанцев.

Сонымен қатар Партиялық бақылау комитетінің төрағасы Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Досбол Бекмағамбетовке ескерту, «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК бас директорының міндетін атқарушы Ерлан Текешевке алдын ала ескерту ретінде тәртіптік жаза беруді ұсынып отыр.

Дайындаған
Жадыра МҮСІЛІМ

Қуаныш САҒАРБАЕВ *(коллаж)*

ҚҰМАРЛЫҚ СОҢЫ – ҚҰРДЫМ

Елімізде лудомандар саны 350 мың адамнан асты. Бұл биліктің азаматтарды құмар ойындардың құрығынан қорғауда пәрменді шаралар қабылдай алмағанын көрсетеді. Депутаттар айтқандай, казиноларды қозғап жүріп Қонаевқа, шулап жүріп Щучинскіге көшіргенмен, мәселе толық шешілмеді. Құмар ойындардың індет ошағы шырмауық секілді өрімдей жастарымызды шырмап, есірткіге еліткен жандай ес-түсінен айырып, түрлі онлайн-казино мен терминалдарға телміртіп қойды. Сондықтан ел Үкіметі алда Парламентке букмекерлер мен казиноларға қатысты жаңа заң жобаларының топтамасын әкелмек. Не өзгереді?

Қазақстандағы көшбасшы оқу орны саналатын Назарбаев университетінде, ғылыми жұмыс аясында зерттеу жүргізген отандық мамандар төбе шашты тік тұрғызатын тұжырымға келді. Сауалнамаға қатысқан 399 студенттің ішінде 11%-ы – құмар ойындарға бейім болып шықты. Олар ойын автоматтарына үнемі ақша салады екен. Тағы 5,76%-ын зерттеушілер «әлеуетті патологиялық ойыншылар» деп бағалады.

Салыстыратын болса, бұл дамыған елдердің де, дамуға кенже қалған елдердің де көрсеткішінен нашар. Мысалы, АҚШ-та білім қуған жастар арасында ойынқұмарлық көрсеткіші – 3%, Шотландияда – 3,9%, Жапонияда – 4,2%, Нигерияда – 4,2%, Қытайда – 6,4%, Сингапур мен Канадада – 8,7% көрінеді.

Лудоманиямен күресу үшін Қазақстанда ойынға тәуелділіктен зардап шегетін адамдарға көмек көрсететін мамандандырылған орталықтар да құрылды. Алайда бұл орталықтар мәселені толығымен шеше алмады. Кеселге тоспа қою үшін Үкімет, қоғам және бизнестің бірлескен жұмысы қажет.

БӘС ТІГЕМ ДЕП БАС ТІККЕН

Ресми деректер бойынша, Қазақстанда қазірдің өзінде шамамен 350 мың азамат ойынқұмарлыққа салынған. Бұл ретте бір адамды лудоманиядан емдеу орта есеппен 400 мың теңге тұрады. Тиісінше, 350 мың ойыншыны емдеуге 140 миллиард теңге шығын шығару қажет болады. Мұндай ауыртпалықты мемлекеттік бюджет те, отбасылар да көтере алмайды. Мұның сыртында құмар ойындарға тартылған қазақстандықтар саны жоғары қарқынмен өсіп барады.

Тағы бір жаншошырлық дерек бар. Ойыншылар жалақысын, бар тапқан-таянғанын бәске тігеді. Одан қалды, үйіндегі құнды дүние-мүлкін комиссиялық дүкендерге сатып, ломбардқа салады. Сонымен қатар банктерден, микроқаржы ұйымдарынан сыйақы ставкасы аса қымбат тұтынушылық кредиттер рәсімдейді. Мәдениет және спорт министрлігі анықтағандай, ойынқұмарлардың әрқайсысының мойнында орташа мөлшері 10 миллион теңге қарыз бар. Көбісінде бұдан да көп. Яғни, 350 мың адамға шаққанда, лудомандар 3,5 триллион теңге несие алып, букмекерлер мен казиноларға салған.

Салдарынан, құмар ойынға шатылғандар қатігезденіп, адам айтса нанғысыз ауыр қылмыстарға баруда. Ақшасын ұтқызған шымкенттік азамат айдың-күннің аманында анасы мен атасын құрбан етті. Оңай олжа таппақ болған астаналық жігіт қаржысынан қағылған соң өзінің азаматтық некедегі әйелін мерт қылды. Биыл Маңғыстау облысындағы бейнеулік тұрғын, төрт баланың әкесі 20 жылда 200 миллион ақшасынан айырылғанын айтып, соған соқтырған букмекерлік кеңсені өртеп, оның видеосын өзі әлеуметтік желіге салды.

Бас прокуратураның мәліметінше, 2022 жылы елімізде жалпы саны 157 мыңнан астам қылмыс жасалған. Соның ішінде 20 пайызы немесе 31 мыңнан астамы құмар ойындармен байланысты болды.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2022 жылы 3 676 суицид фактісі тіркелді. Сонда әрбір бесіншісі ойынқұмар адам болып шыққан.

Қаншама отбасы ойрандалды, перзентінің не отағасының күйігіне шыдамаған қаншама шаңырақ күйреп жатыр? Елдегі ажырасқан әрбір 10 жұптың 7-еуі отбасының ойрандалуының бір себебі ретінде құмар ойындарды атаған.

Сондықтан Қазақстанда әлемдегі көптеген ел сияқты казинолардың, букмекерлік кеңселердің, басқа да ойын бизнесінің қызметіне толық тыйым салып тастаған жөн. Алайда билік оған бармай отыр. Елімізде құмар ойындарға тыйым салынбағанын ескеріп, Мәдениет және спорт министрлігі олардың жарнамасына тыйым салатын заң жобасын әзірлеп шықты.

ЖАРНАМАНЫ ШЕКТЕУ ЖАҒДАЙДЫ ҚҰТҚАРА МА?

Бұл қадамды Мәжілісте басымдыққа ие «AMANAT» партиясының фракциясы қолдап отыр. Парламент каникулға тарқардың алдында аманаттық депутаттар Үкіметке депутаттық сауал жолдап, онлайн-казиноларды және басқа құмар ойындарды жарнамалауды заңмен құдалауды ұсынды. Бұған қоса, супермаркеттер мен қоғамдық орындарда самсап тұрған әртүрлі лотерея терминалдарын орнатуға және билеттерін таратуға қатаң тыйым салу туралы ұсынысы да бар.

Мәжіліс депутаттарының айтуынша, құмар ойынға әуестердің онлайн-казинолар мен букмекерлік компанияларға шығындайтын қаражатының көлемі жаға ұстатады. Азаматтар бір ғана 2022 жылы оларға 553,6 миллиард теңге салған. «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институты жүргізген әлеуметтік зерттеу көрсеткендей, қазақстандықтардың 73 пайыздан астамын лудомания қатты алаңдатады және олар букмекерлік кеңселердің жұмысына толығымен әрі қатаң тыйым салу қажет деп санайды.

– Бүгінде букмекерлік кеңселер халықты құмар ойындарға барынша көп тартуға миллиондаған теңге жұмсап отыр. Еліміздің

> *Мәдениет және спорт министрлігі анықтағандай, ойынқұмарлардың әрқайсысының мойнында орташа мөлшері 10 миллион теңге қарыз бар. Көбісінде бұдан да көп.*

жетекші теле-радио арналары букмекерлік кеңселерді жарнамалауда. Қоғамдық орындардағы лотерея терминалдарын жауапты органдар бақыламауы себебінен буыны қатпаған бүтін бір ұрпақ сол темір терминалдардың құрсауында жүр. «AMANAT» партиясы өзінің сайлауалды бағдарламасында жарнамасына толық тыйым салу арқылы қазақстандықтарды қаржы пирамидаларынан, онлайн-казинолардан және басқа да қауіпті құмар ойындардан қорғауды жауапкершілігіне алған, – деді депутат Ж.Әшімжан.

Депутаттық сауалға жауабында Үкімет құмар ойындарға қатысты заң жобаларының топтамасы әзірленгенін қаперге салды.

«Заң жобалары аясында, біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдарында букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасы шектеледі. Екіншіден, ақпараттық, телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде интернетті, байланыс құралдары мен лотерея терминалдарын пайдалана отырып, лотерея билеттерін таратуға тыйым салынады. Үшіншіден, 21 жасқа дейінгі адамдарды құмар ойындарға тартқан және бәс қабылдаған заңды тұлғаларды әкімшілік жазаға тарту бойынша түзетулер көзделген» делінген Үкіметтің қысқа ғана жауабында.

Мұның егжей-тегжейін салаға жауапты Мәдениет және спорт министрлігі айтып берді. Ведомство жаңа заңнамалық түзетулер аясында халық арасындағы әлеуметтік кернеуді азайту мақсатында букмекерлік кеңселердің, тотализаторлардың жарнамасын таратуды реттеуді ұсынады.

Біріншіден, букмекерлік кеңселердің, тотализаторлардың көшедегі сыртқы, көрнекі жарнамасына тыйым салынады. Әйткенмен, министрлік оларға жеңілдік жасап, букмекерлік кеңсенің және тотализатордың орналасқан жерінде, спорт ғимараттарының ішінде және спортшылардың жабдықтарында жарнама орналастыруға рұқсат беруді сұрап отыр.

Екіншіден, көлік құралдарында букмекерлік кеңселерді, тотализаторларды жарнамалауға тыйым салынады.

Үшіншіден, заң жобасында бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде газет-журналдарда, телеарналарда, радиоарналарда, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, сонымен қатар кинода, бейнероликтерде және анықтамалық қызметтерде букмекерлік кеңселерді, тотализаторларды жарнамалауға тыйым салынбақ. Бірақ мұнда да Мәдениет министрлігі шегініс жасады: толығымен тек спорттық оқиғаларды жариялауға мамандандырылған коммерциялық және ұлттық спорттық телеарналарда, радиоарналарда, спорттық интернет-ресурстарда оларды жарнамалауға рұқсат етпек.

Төртіншіден, актерлерге, әншілерге, спортшыларға, блогерлерге, журналистерге, бизнес өкілдеріне және басқа да танымал, табысты тұлғаларға құмар ойындарды жарнамалауына шектеу қойылады.

Бесіншіден, букмекерлік кеңселердің спорттық арналар мен сайттарда және ғимарат ішіндегі теледидарда көрсететін жарнамасында тек тауар белгісінің атауын, элементтерін, букмекерлік кеңсенің, тотализатордың орналасқан мекенжайын және интернет-ресурсын насихаттауға ғана жол берілмек.

ЖЕҢІЛДІК ТЕ ЖЕҢІЛУДІҢ БЕЛГІСІ

Министрлік не себепті жеңілдікке барып отырғанын түсіндірді.

«Құмар ойындарға барлық адам емес, біріншіден, спорттық оқиғаларды болжаумен кәсіби түрде айналысатын, екіншіден, моральдық және психологиялық тұрғыдан санасы бекіген ересек халық аудиториясының белгілі бір бөлігі ғана қатысуы қажет. Осыған байланысты букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасының таратылуы шектеледі. Ол жарнаманы тек салалық кеңселерге, спорттық іс-шаралар өткізілетін орындарға, спорттық іс-шараларға баратын, сондай-ақ спортқа толығымен мамандандырылған арналар мен сайттарды қарайтын адамдар көреді. Осылайша, бір жағынан, халықтың құмар ойындарға құштарлығы азаяды, екінші жағынан букмекерлік кеңселер мен жарнама саласының мүдделерінің тепе-теңдігі қамтамасыз етіледі», – деп мәлім етті министрлік.

Бұл талапты бұзғандар, яғни ойын бизнесі туралы заңнаманың ережелеріне сәйкес келмейтін букмекерлік кеңсенің, тотализатордың жарнамасын таратқандар немесе орналастырғандар жазаланады. Нақтыласақ, лицензиясы тоқтатыла тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 1 мың айлық есептік көрсеткіш (3 450 000 теңге) айыппұл салу ұсынылды.

Бірақ бұл жартыкеш шаралар елдегі эпидемияға айналған лудомания проблемасын шеше алмауы мүмкін. Бәс тігу – адам тіршілігінің басты қажеттілігі емес. Сондықтан сарапшылар букмекерлік кеңселердің, тотализаторлардың, онлайн-казинолардың қызметіне қатаң тыйым салуда табандайды.

Себеб Қапшағай мен Щучинскіде орналасқан казиноларға тек қалталылар ғана барады. Ал букмекерлік кеңселерге және онлайн-казиноларға тұрақты табысы жоқ, қалтасы тесік студенттер де, қарыз алған тақыр кедейлер де бас сұғады. Миллиондаған қарыз батпағына батқан олардың бір бөлігі болашақта қиындық қамытынан құтылу үшін не кеңселерді өртеуі, не қаңтар оқиғалары кезіндегідей, банкоматтар мен сауда орындарын шабуылдап, тонауы әбден мүмкін.

Букмекерлік кеңселер мемлекеттік бюджетке 2022 жылы жалпы сомасы – 109 миллиард теңге, ал тотализаторлар – 47,8 миллиард теңге салық төледі. Үкімет осыған малданып жүргенде жас ұрпақты тегіс лудоман етіп, ұлттың болашағына балта шауып, елге орны толмас шығын келтіріп алмаса жөн.

Елдос СЕНБАЙ

АЙМАҚ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Абай облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында тұрақты өсім байқалады.

Биыл алғашқы алты айда өңір кәсіпорындары 673,6 млрд теңгеге өнім өндірді. Оның негізгі үлесі, атап айтсақ, 56,3%-ы тау-кен өнеркәсібі және кенорындарын қазуға тиесілі. Бұл салада 379,5 млрд теңгеге, ал өңдеу өнеркәсібінде 269,2 млрд теңгеге өнім шығарылды.

Өңірде ауыл шаруашылығы саласы да белсенді дамып келеді. Бұл саладағы жалпы өнім көлемі 143,7 млрд теңгені құрады. Мал саны жылдан жылға артып келеді. Ірі қара мал саны 863,7 мың, ұсақ мал – 1 471, 3 мың, жылқы – 385,5 мың, құс – 1 477, 9 мың басты құрады.

Облыста егіс егу науқаны толығымен аяқталған. Оның көлемі жалпы 654,2 гектар ауданды құрады. Оның ішінде дәнді дақылдар – 297,3 мың гектар, майлы дақылдар – 306,2 мың, картоп – 7,7 мың гектар, көкөністер – 3,6 мың, бақша дақылдары – 2 мың гектар.

Облыста инвестиция тарту бойынша жұмысқа ерекше көңіл бөлінуде. Өткен алты айда өңірге 230,5 млрд теңге тартылды.

Инвестициялардың негізгі көлемі – 163,1 млрд теңге кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаражаты есебінен тартылды. Бұған республикалық бюджеттен 22,2 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 23,6 млрд теңге бөлінген.

Абай облысында құрылыс белсенді қарқынмен жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарының көлемі 63,1 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері 130,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Бірінші жартыжылдықта облыста 11 773 жұмыс орны құрылған, оның 7 242-сі тұрақты.

Өңірдегі жұмыссыздықпен күреске бағытталған іс-шаралар да өз жемісін беріп жатыр. Жыл басынан бері жергілікті жұмыспен қамту органдарына жұмысқа орналасу үшін 12 282 адам жүгінген, оның ішінде 6 512 адам жұмысқа орналастырылды. Ақылы қоғамдық жұмыстарға 3 074 адам жіберілді.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

Петропавл қаласынан Қорған шекарасына дейінгі Челябі–Новосібір республикалық маңызы бар жол учаскесінің жөндеу жұмысы 2017 жылы басталған еді. Жұмысына салғырт қараған мердігерлер мен ұзаққа созылған сот процесі салдарынан тоқтап қалған құрылыс биыл қайта жалғасын тапты.

Қазір бұл нысанда мердігерлік қызметті «ҚазСтройТехник» ЖШС жүзеге асыруда. Мамлюткадан «Жаңа жол» бекетіне дейін қайта жаңартылатын учаскенің жалпы ұзындығы – 56 шақырым. Жолды жөндеу жұмысына республикалық бюджеттен шамамен 10 млрд теңге бөлінді. Оның 3,5 млрд теңгесі биылға жоспарланған. Айта кетейік, Солтүстік Қазақстан облысында жолдарды жөндеу, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдарды қайта жаңарту бойынша мониторингті «AMANAT» партиясының мүшелері жүргізеді. 1 наурызда партия Төрағасы Ерлан Қошанов республикалық сайлауалды штабтың облысқа сапары барысында осындай тапсырма берген болатын. Мәселен, бүгінде өңірде партиялық бақылау комиссиялары жанынан 15 мониторингтік топ жұмыс істейді.

«Жөндеу жұмысы екі жылға жоспарланған. Ұйымдастырушы – «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ. Бүгінде 14 шақырым жолға жабынның төменгі қабатын төсеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Тағы 16 шақырым жолға төселу керек. Қазіргі уақытта негізгі жолдың төсемі және айналма жолды жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Нысанның жұмысы жоспар бойынша келесі жылы аяқталуы тиіс. Біз жұмыстың уақтылы жүргізілуін қадағалайтын боламыз», – деді «AMANAT» партиясы Мамлют аудандық филиалының төрағасы Алтын Сағитова.

Партиялықтар «Челябі–Новосібір» тас жолынан басқа А-13 Көкшетау–Омбы жолын жөндеу жұмысы барысын, Ақмола облысының шекарасынан Саумалкөл ауылына дейінгі Көкшетау – Рузаевка Р-11 жолының орташа жөндеу жұмысын, сондай-ақ Мағжан Жұмабаев ауданында Челябі–Новосібір М-51 тас жолының учаскесін бақылайды. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Республикалық маңызы бар автокөлік жолдарының жалпы желісі 1 970 шақырымды құрайды.

Ж.МҮСІЛІМ

ӘЙЕЛГЕ КЕЛГЕНДЕ ӘДІЛЕТ ТҰНШЫҒАДЫ

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Алайда батылы жетіп басындағы қайғысымен бөліскенімен, үйдегі «ұртоқпақтан» құтылу қиын. Себебі қоңырау шалғандардың көбі қорлық көрсеткен күйеуінің үстінен арыз жазудан бас тартса, қозғалған істердің дені сотқа жетпейді. Мұны Ішкі істер министрлігі де мойындайды. Ал ведомствоның мәліметіне сүйенсек, отбасылық зорлық-зомбылықтан жапа шеккен 10 адамның екеуі ғана полицияға шағымданады. Демек, одан да көп әйел жуан жұдырықтан жәбір көріп келеді. Сорақысы, олардың шешімін әулеттің үлкендері оң бағалайтынында болып отыр. Мәселен, былтыр тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша полицияға 120 501 рет қоңырау соғылған. Осы қоңыраулардың жартысы тергеп-тексеруге жіберілмеген. Өйткені жәбірленушілердің 68 023-і арыз жазудан бас тартқан көрінеді. Сотқа бар-жоғы 52 478 іс жолданған. Бірақ бұл істің барлығы жәбірленушінің пайдасына шешіліп, отбасындағы қорқыныш сейілді деп айтуға тағы ерте. Себебі соттың тараптарды татуластыру рәсімінен кейін бұл сан одан сайын қысқарады. Айталық, бір ғана Астанада сенім телефонына қоңырау шалған 11302 адамның 7403-і арыз жазудан үзілді-кесілді бас тартқан. Сотқа 3899 істің 2109-ы татуласу негізінде тоқтатылған. Алматы қаласында да шалынған 11161 қоңыраудың 8 425-інде арыз жазудан бас тартылған. Сотқа жеткен 2736 істің 409-ы сотта қаралыпты. Бұл істердің арасында агрессорға әкімшілік жауапкершілік қарастырылып, санаулы тәуліктен кейін қайта үйіне оралатыны тағы бар.

АЯҚСЫЗ ҚАЛҒАН АРЫЗ, ШИКІ ШЕШІМ КӨП

Бүгінде жәбірленушілердің жазған арызы аяқсыз қалып жатқан оқиға аз емес. Ал өз өмірі үшін емес, өзгелердің көңіліне қарайлайтын ауылдық жердегі қызкеліншектердің әр күні ажалмен бетпе-бет келіп жатады. Себебі қоғамның көзқарасына салсақ, «ажырасып келген қыз жаман». Отбасы «құндылығы» мен әулеттің «абыройын» ойлайтын туыс-туғанның берген бәтуасы да тирандардың тепкісіне жылдар бойы төзуге мәжбүр етеді. Арызданған күннің өзінде құқық қорғау қызметкерлерінің қарекеті қарын аштырады. Осылайша, арзан абыройдың артында адам тағдыры тұрғанын тым кеш ұғынып, опық жеп жатқанымыз өкінішті.

Белгілі заңгер Айман Омарова да тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша тіркелген істердің көбіне ашылмай, аяқсыз қалатынын айтады. Тіпті, жәбірленуші нақты қылмысты көрсетіп, заңсыз әрекеттерді жасаған адамның атын атап, түсін түстеп берсе де, құқық қорғау органдары қызметкерлері қылмысқа көз жұма қарайды екен.

«Шынымды айтсам, көбісі заңсыз әрекет жасайды. Оларды прокуратура да қадағаламайды. Мысалы, ауыл-аймақтағы әйелдерге өте қиын. Шағын ауылдағы тұрғындар бірін-бірі біледі. Оның үстіне прокуратура мен тергеуде жұмыс істейтін қызметкерлер – ер адамдар. Сондықтан олар да агрессорды қолдайды. Яғни гендерлік мәселе де бар. Арызды қабылдамас бұрын тараптарды татуласуға үгіттейді, әулеттің үлкендерін шақыртады. Сөйтеді де туған-туысқандары өлердегі сөзін айтып, сыйлығын беріп, арызды кері қайтарып алуға барын салады. Мысалы, Алматы облысы Қарасай ауданында алты баласы бар Айжан Сырғабаеваның оқиғасын алайықшы. Оны қайын ағасының баласы тепкінің астына алған. Соққының ауыр болғаны соншалық, әйелдің көк бауырын дәрігерлер алып тастады. Осы іс сотқа әрең жетті. Соның өзінде қайын ағасына қарсы іс тіркелген жоқ. Тек оның баласы ғана сотталды», – дейді адвокат.

Жәбірленушілердің құқығын қорғау үшін тергеушілер мен прокурорларға томтом шағым жазған күннің өзінде әйелдердің құқығы құқық қорғау органдарының өзінде де жиі бұзылады екен.

«Полицейлердің арасында арызды тіркемейтіндері бар. Тіркесе де нақты қылмысты негізге алмайды. Оның себебін сыбайлас жемқорлықпен байланыстыруға болады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша тіркелген істердің 50 пайыздан астамында полиция қызметкерлері өздері заңсыз әрекеттер жасайды. Әйелдерді ұрып-соғып, тепкілеп өлтіріп жатады. Олар жасырып жауып, дәлелдерін жойып, жалған айғақ тауып, әйтеуір күдіктінің құқығын қорғауға атсалысып кетеді. Осы әрекеті арқылы олар әйелдің өзі ғана емес, қалған отбасы мүшелерінің де өмірін қауіпқатердің ортасына тастап отыр. Себебі қадағалау жоқ. Мұндай істерге шешімді көбіне алқа билер шығарады. Шешімнің шикі болуы сол, онда бірнеше тараптың келісімі бар. Тіпті, әйелін әдейі асқан жауыздықпен өлтіріп жатқаны анық көрсетілсе де, көзімізді бақырайтып қойып күдіктіге 1,5 жыл жаза беру – соның айқын дәлелі», – дейді Айман Омарова.

Сондықтан заңгер аппеляциялық сот сатысы күшін жойғаны дұрыс деп санайды. Айтуынша, сол себептен отбасындағы қылмысты дәлелдей алмайтын әйелдер көп.

«Гүлнәр Темірбаева деген әйелдің ісін қарадым. Сол істе үш адам жәбірленушіні зорлаған, қорлаған, өлтірген. Осы істі сотқа жіберген кезде «адам өлтіру» деген бапты қоспаған. Әлгінде айтқандай, әр есікті жағалап, бірнеше шағым жазып әрең дегенде «адам өлтіру» бабын қостырдық. Бірақ біреуі ғана жаза арқалады, екеуін жеңіл баппен соттады», – деп отыр.

ҚОРҒАНАМЫН ДЕП ҚЫЛМЫСҚА БАРАДЫ

Агрессорға берілетін жеңіл жаза жәбірленушінің жарық дүниемен қош айтысуына немесе түбі түрмеге тоғытылуына әкеледі екен. Мәселен, елдегі әйелдерге арналған колонияда күйеуін өлтіргендер көп. Оның себебін адвокат былай түсіндіреді:

«Біздің елде әйелін артынан қуып жүріп өлтірген еркекке жеңіл жаза сұрайтын прокурор немесе қисынсыз үкім шығарған судья әйелдерге келгенде тым әділетті. Өзін-өзі қорғаймын деп күйеуін өлтіріп алғаны анық дәлелденсе де кемі 9-10 жылға үкім кеседі. Сондай «әділ» жаза арқалағандардың бірі – Баян Кенганова. Бес баласы бар әйелді сот омыраудағы жаңа туған баласымен бірге жауапқа тартқан. Сол кезде тергеушілердің істеген қитұрқылығын айтайын. Омыраудағы баласы бар әйелді «Қағазға қол қойсаңыз, қамалмайсыз» деп алдап бүкіл құжатқа қол қойдырып алған. Бұл әйелдің көрген күні қорлықпен өткен. Таңның атысы, кештің батысы күйеуінің тепкісін жеген. Жылдар бойы ұрып-соғып, балаларына да күн бермеген. Қақаған суықта әйелі мен балаларын көгала етіп сабап, үлкен баласын тыржалаңаш шешіндіріп, далаға шығарып жазалайды екен. Кезекті ұрып-соғудың үстінде агрессор күйеу әйелін қылқындырып өлтіргелі жатқанда өз-өзін қорғау үшін әйелі ас үйдегі пышақты сұғып алады. Бірақ пышақ жарақатын алған күйеуі үйден кетіп қалып, артынан ауруханаға түседі. Осы оқиғада «адамды нақты өлтіру» деген бап болмау керек. Алайда сот өзі мен балалардың өмірін қорғап қалғысы келген әйелді де «адам өлтіру» бабымен соттап жіберді. Мұндай жағдай Түркістан облысында да болды. Ол әйелді де күйеуі ұрып-соғып, білгенін істеген. Өзін қорғау үшін абайсызда күйеуін өлтіріп қойған. Негізінде сол кезде әйелдің үсті-басында сау-тамтығы қалмаған. Бірақ сот сараптамасы әйелдің денесіндегі жараларды дұрыстап көрсетпеген. Біз қазір әйелдердің өміріне көз жұмып, агрессорды арашалап алуды жалғастыра берсек, Жауғаштыдағы колонияда күйеуін немесе жігітін жазым еткен әйелдер артады. Ал әйел-баласына күн бермей, соңынан қуып жүріп өлтірген еркектер жазадан құтылып кете береді», – дейді Айман Омарова.

Яғни елдегі ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған қылмыскер артады. Ең ауыры, отбасындағы қылмыстың куәсі болған балалардың болашағына балта шабылады. Өйткені, біздің елдің адам құқығын қорғауы тиіс құзырлы органдары себеппен емес, салдармен күрескен сынай танытудан танбай келеді.

Жауғаштыдағы әйелдер колониясына бірнеше рет барған журналист Гүлнәр Тазабекова: «Адам өлтіріп сотталған әйелдердің өмір тарихына үңілсеңіз, көбісі өзін-өзі қорғау кезінде адам өлтіреді. Маскүнем күйеуін кезекті жанжал үстінде немесе үнемі зорлық көрсетіп, соққыға жығатын, тиран күйеуін ашу кезінде өлтіріп алғандар. Оларға «Неге өлтірдің?» деген сұрақ ең ауыр болып естіледі. «Егер мен оны өлтірмесем, ол мені өлтіретін еді» деген жауапты жиі естимін», – дейді.

ІСТІҢ БІР ҰШЫ ЖЕМҚОРЛЫҚТА ЖАТЫР

Заңгер Кәшима Есмұхамбетқызы тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмысын табыс көзіне айналдыру белең алып кеткенін жеткізді. Яғни зәбір көрсеткен тарап құзырлы органдардың жауаптан жалтару мақсатында ұсынған кез келген келісіміне көнуге бар. Осылайша, заңгерлік аспектілерді айналып кетуіне немесе екі тарапты келісімге келтіруге үлес қосу көп адамдардың өміріне балта шауып келеді.

«Барлық тергеушілер емес, бірақ соңғы кездері зорлық-зомбылық бойынша қозғалған істің ары қарай жылжуы үшін міндетті түрде қоғамдық резонанс тудыру керек секілді. Сонда ғана жоғары жақтан бақылау жасалады, іс сол кезде ғана сотқа жетеді. Бақылау жасалмаса, тиянақтылық болмайды. Бақылау жоқ жерде әртүрлі қитұрқы әрекеттер жүреді. Жәбірленушінің құқықтық сауатсыздығын пайдаланып қысымға түсіреді. Дегенмен кейбір зорлық істерде әйелдердің де түрлі әрекеттерге барып, бопсалау арқылы еркекті қылмысқа итермелейтін, отбасынан айыруға дейін баратын оқиғалар бар», – дейді ол. Дегенмен көп жағдайда жәбірленушілер жәбір көріп жатқанын жеткізген заңгер «зорлық құрбандарымен тек қана әйел тергеушілер жұмыс істеуі керек» деп отыр.

Жылы жабылған істің бір ұшы сыбайлас жемқорлықта жатыр. Заңгер Айгүл Орынбектің айтуынша, полиция, оны «қадағалайды» деген прокуратура да заңды белшесінен басып, істі қысқартып тастауға құзыры жетеді. Әсіресе шалғай ауыл-аймақтардағы әйелдердің мәселесі қатты алаңдатады. Әйелдерге арнайы тергеу кабинеттері ашылып және онда әйел тергеушілер жұмысқа кірісуі керек болған еді. Алайда қазір бұл жоба ешбір тергеу органдарында орындалып та, жүзеге асып та жатқан жоқ. Бұл олқылықтың кесірінен тергеу әрекеттері дұрыс жүргізілмей, нәтижесінде адам құқықтары, оның ішінде әйелдердің құқықтары мен мүдделері өрескел бұзылып жатқанын жеткізген ол: «Өз тәжірибемде кездескен істерде зорлық-зомбылық деректеріндегі тергеу әрекеттері біржақты бұрмалана жүргізіледі. Ер-азаматтарға басымдық беріліп, олардың заңсыздықтары қолдау тауып кететін жайттарға куә болып келемін. Себебі істі тергеп-тексеретін – ер адам. Тіпті, аудандық полиция бөлім-басқармаларындағы тергеу құрылымдарында психологтар жоқ. Бар болғанның өзінде, ол психологтар жеке құрамға бекітілген, өздеріне жетпейді. Зорлық құрбаны болғанын дәлелдеу қиындаған соң, әйелдер бәріне төзеді», – деп отыр.

Заңгер Түркістан облысы мен Шымкентте мұндай іс жиі тіркелетінін тілге тиек етті.

«Отбасын құрған күні әйелін ұрып өлтірген оқиғада полиция істі созбалаңға салып, барынша жауып жібергісі келді. Сол кезде халықаралық іздеу жариялағандар қоғамда үлкен резонанс туғызған күні ғана табылмай жатқан күдіктіні бір күнде тапты. Одан кейін де істі мейлінше бұрмалауға тырысты. БАҚ өкілдері мен қоғам белсенділері араша болмағанда «жуынатын бөлмеде өзі құлап өлді» деп қорытынды шығарып, қылмыскерді бостандыққа жіберуі әбден мүмкін еді», – дейді ол.

Біздің елдің заңында қызметін асыра пайдаланған, жемқорлыққа жол беріп, өз ісіне жеңіл қараған полиция, прокурор, сотқа да заң бар. Бірақ ол тек қағаз жүзінде ғана екен. Осылай деген Айгүл Орынбек:

«Мәселен, құзырлы органдарға арызшағым жазсаң, көбінесе заңға сай қаралмайды. Басшылықтағы лауазымды тұлғаларға жазған шағымыңды сол әрекетсіздігіне шағымданып отырған мекеменің өзіне қайтарып береді. Бұл – халықты басыну, мазақ ету», – деп отыр.

Қарап отырсақ, жанұядағы жанжалқойға жауапкершілікті қатаңдатудан кенде емеспіз. Құқық қорғаушылар мен заңгерлердің өзі біздегі заң нормалары өзге елдермен салыстырғанда анағұрлым қатты екенін айтады. Мәселе сол заңның дұрыс жұмыс істеуінде және қылмыскерге тағылатын айыптың соңына дейін жеткізіліп, тирандарды тәртіпке келтіруде болып тұр. Осындайда «Заң – өрмекшінің торы, әлділер құтылып, әлсіздер тұтылып қала береді» деген Шерхан Мұртазаның сөзі бүгінгінің ақиқатын айнытпай жеткізген бе дерсің...

ҮЙЛЕНУ ОҢАЙ...

(Басы 1-бетте)

Көктем ҚАРҚЫН

– Әкеміздің ЖСН-ын алып тәжірибе жасап, өтінім білдірдік. Нәтижесінде, әкемнің үйленген адам екеніне және менің әкем болғанына қарамастан, екеуміздің некемізді базада тіркеуге болатынын білдік, – деп жазды блогер.

Оның айтуынша, өтінім барлық кезеңнен сәтті өткен. Қызмет үшін 3450 теңге де төлепті. Осылайша, 7 тамызда некені тіркеуге шақыру туралы хабарлама келген. Енді біреулер қызық үшін біржынысты некені тіркеуге тырысып көрген. Бірақ олардың әрекеті сәтсіз аяқталады. Осыдан кейін Kaspi баспасөз қызметі қосымша некені тіркемейтінін, тек «ХҚКО-дағы кезекке» қоятынын мәлімдеді. Тіпті, банк қосымшасынан бұл қызмет жоғалып кетті. Ал қызметті қосымшадан алып тастауға байланысты Kaspi компаниясының өкілі пікір білдірді.

– Бұл қызмет неке қиюды тіркеуді қарастырмайды. Тек онлайн өтініш беруге болады. Қызмет бірнеше күн бойы сынақтан өтті. Біз қызықты пікірлер алдық. Қызметтің тұтынушыларымызға қаншалықты пайдалы екенін бағалаймыз, – деді Kaspi корпоративтік коммуникациялар бөлімінің басшысы Маржан Елшібаева.

НЕКЕГЕ ТҰРУДЫ ОҢАЙЛАТУ ДҰРЫС ПА?

Дамыған елдерде некеге тұру – ұзақ уақытты талап ететін процесс. Мәселен, Америкада жас жұбайлар некелесу үшін тұрғылықты жеріндегі кеңсеге хабарласып, құжаттар тапсырып, лицензия алады. Ерлізайыптылар лицензия алғаннан кейін арнайы шарт жасасып, үйлену тойын жасамай 3-4 күн күтеді. Тек неке куәлігін алғаннан кейін ғана той өткізеді. Рәсім аяқталғаннан кейін діни қызметкер, нотариус немесе басқа уәкілетті адам неке туралы куәлікті толтырады. Бұл әдетте рәсімнен кейін бірден жасалады. Осыдан кейін неке тиісті мемлекеттік мұрағаттарда ресми түрде тіркеледі. Заңнамаға және мәдени ерекшеліктеріне байланысты Бразилияда, Қытайда, Үндістанда, Индонезияда некені тіркеу өте ұзақ уақытқа созылады.

Психолог Лимана Қойшиеваның пікірінше, некеге тұру процесін бізге де қиындату керек. Қиындату дегеніміз бюрократизм емес. Алдымен жастардың бір-бірімен психологиялық сәйкестіктерін анықтаған дұрыс. Некеге тұруға өтініш білдіргеннен кейін 6 айдай бір-бірін тануға уақыт беру керек. Психологиялық дайындықтардан өтуі керек.

– Өйткені отбасы болу оңай емес. Олар некеге қалай тез тұрса, ажырасуды да сондай тез болатын процесс деп ойлайды. Қазір некеге тұру онлайн жүзеге асады. АХАЖ-ға тек қол қою үшін ғана барады. Ажырасудың көп болуына бұл мәселе де әсер етеді. Үйленіп алғаннан кейін ажыраспаса да екі бөлек тұрып жатқандар да бар. Отбасылық құндылықтардың төмендеп бара жатқаны анық көрініп тұр, – дейді Лимана Қойшиева.

Бұрын некеге тұруға өтінішті электронды үкімет порталы арқылы онлайн беретін. Қазір бұл мүмкіндікті банк қосымшасы да іске қосты. Әлеуметтанушы Айсұлу Молдабекованың айтуынша, бұдан қорқатын дәнеңе жоқ. Себебі бұл – тек өтініш беру амалы. Оның жеңілдеуі уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

– Форматта тұрған ештеңе жоқ. Бірақ некеге тұруда қажет ететін құжаттарды, талаптарды күшейтуіміз қажет. Себебі елімізде отбасын құрғандардан ажырасқандар саны көп деген статистика бар. Азаматтық алу үшін үйленетіндер мен үй алу үшін ажырасатындар да көбейіп кетті. АҚШ, Бразилия мен Еуропа елдерінде некеге тұру шартын жасау талап етіледі. Ол жерде екі азаматтың қарым-қатынасы, мүліктік жағдайы, жауапкершілігі ескеріліп, сол бойынша шарттар жасалады, – дейді Айсұлу Молдабекова.

Әлеуметтанушының пікірінше, 1990 жылдары некеге тұрғандардың саны 164 мың болған. Ал 2013 жылдары 159 мың болған. Былтыр бұл дерек 122 500 болған. Яғни некеге тұру статистикасы елімізде жыл сайын төмендеп барады. Қанша жерден демографиялық өсім десек те, некеге тұрушылар саны бәрібір аз. Сәйкесінше, ажырасушылар саны да жыл санап артуда. Сондықтан некені тіркеудегі талапты күшейту керек.

НЕКЕСІ ТІРКЕЛМЕГЕН ЖҰБАЙЛАР КӨП

Қазір елімізде некеге тұру жыл өткен сайын оңайлап жатса да, мемлекеттік мұрағаттарда ресми түрде тіркелмеген ерлізайыптылар бар. Олар заңды түрде неке қидырудан қашып жүрген жоқ. Көбісі – тәуелсіздікке дейін немесе электронды портал іске қосылғанға дейін некелескендер. Енді деректері базаға енбей баз кешіп жүр.

– Мен ресми түрде 2004 жылы тұрмысқа шыққанмын. Қолымызда неке туралы куәлігіміз де бар. Бірақ eGov.kz сайтында да, Kaspi қосымшасында да менің статусым «тұрмыста емес» деп шығып тұр. Нотариустен бұл мәселе жайлы сұрағанымызда «Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, некені қайта тіркету керек» екенін айтты. Бірақ олай құжат жинап жүретін артық уақытым жоқ, – дейді астаналық Жанна Ильичева.

Блогер Ақерке Берлібайдың да әкесі 80-жылдары үйленген. Бірақ оның деректері цифрланбаған.

– Өмірдегі осындай маңызды кезеңді банк қызметіне айналдырып, жеңілдетудің не қажеті бар? Одан да телефон нөмірі арқылы «үйленген немесе үйленбеген» екенін анықтай алатындай нәрсені жасаған дұрыс болар еді. Мүмкін осылай көп отбасын сақтап қалуға болатын шығар. Отбасы институтын үш-ақ батырманың деңгейіне айналдыру орынсыз. Онсыз да бізде жұптар еш ойланбай, жастықтың буымен үйлене салады. Оны одан сайын жеңілдетуге болмайды, – дейді Ақерке Берлібай.

Бір қызығы, некелері цифрланбаған отбасылар некесін қайта рәсімдеуге асықпайды. Көбісі жалғызбасты ретінде мемлекеттік бағдарламаға тіркеліп үй алуға асығады. Бірақ бұл жағдай еліміздегі азаматтық неке статистикасын арттыратын басты фактор екенін ешкім ескермей отыр. Ресми деректер бойынша, елімізде әрбір бесінші неке тіркелмеген.

– Азаматтық некеге көзқарасы бойынша орташа алғанда барлық жастағы адамдардың шамамен 25%-ы азаматтық некеге оң көзқараспен және 30%-дан астамы бейтарап қарайды, яғни Қазақстанда әрбір бесінші неке тіркелмеуі мүмкін. Қолдамайтындардың үлесі – 32,8%, – дейді Қазақстандық қоғамдық даму институты басқарма төрағасы Нұрбек Матжани.

Айта кету керек, биыл 1 шілдеден бастап АХАТ функциялары Мемлекеттік корпорацияға берілді. Бұл ретте некені тіркеу үшін өтініш беру рәсімі өзгеріссіз қалады. Олар аудандық және қалалық АХАЖ бөлімдері орындайды. Бұдан басқа, электрондық үкімет порталы арқылы онлайн өтініш беру мүмкіндігі сақталады.

– АХАЖ функцияларының Мемлекеттік корпорацияға берілуінің басты себептерінің бірі – АХАТ электрондық базасында жүргізілген цифрландырудың сапасыздығы. Атап айтқанда, сапасыз сканерленген құжаттар, қате деректер енгізу, өзгерістер тіркелмеген. Құжаттар 1937 жылдан бастап сканерленіп, базаға енгізіліп келеді, – дейді Алматы қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалы директорының орынбасары Әсем Болатбекова.

Оның айтуынша, АХАТ функциясын ХҚО-ларға берудің басты себебі – цифрландыруға көшу процесін жүзеге асыру. Ендеше некеге өтініш беруді жеңілдетпес бұрын кезіндегі деректерді мұрағатқа енгізіп, некені тіркеу процесін күрделендіру керек. Себебі отбасы ойыншық емес...

ІШКІ ТУРИЗМ ІЛГЕРІЛЕСІН ДЕСЕК...

Ішкі туризмді дамыту бағытында кейбір бастамалар сәтті жүзеге асып келеді. Ең бастысы, отандастарымыздың елдегі табиғаты ерекше жерлерді аралап, тамашалауға ниеті күшейді. Алайда бұл саладағы әттеген-айлар аз емес. Осы тұста біз ішкі туризмнің өзекті мәселелеріне мән беріп, осы бағытта жаңа бағдарлама құру бастамасын көтеріп жүрген, тәжірибе жинақтаған сарапшылардың пікіріне құлақ түрдік. Отандық туризмнің оң және олқы тұстары мен жүзеге аспай жатқан әлеуетіне үңілдік.

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

Туризм индустриясының дамуы жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашады. Туризм саласында жұмыс істейтіндер қатарының артуы шалғай өңірлердегі жұмыссыздықтың азаюына, бюджетке салық түсімдерінің көбеюіне ықпал етеді. Өз кезегінде ЖІӨ туризмнен түскен табыстың артуы экономикаға қарқын беріп, әлеуметтік жүктемені азайтады. Алайда ол үшін мемлекет сапалы бағдарлама жасап, жергілікті туризм саласын ортақ мүддеге жұмыс істете алуы тиіс. Сонымен қатар инфрақұрылымды жоспарлап, іске асырып беруі керек. Ал бұл қыруар қаржыны талап етеді.

Туристерге аса тәуір сервис көрсетуді жолға қойған теңіз жағалауында орналасқан елдердегі қызмет біздің елде бір күнде қалыптаса қоймайтыны түсінікті. Оған солтүстік өңірлердегі климатты қосыңыз. Жаздың жылы болатын екі айында ғана жұрт ағылып, қыстың суығында қаңырап қалатын локациялар оған салынған инвестицияны ақтамайтыны түсінікті. Сондықтан осы салада шетелдік инвесторды күтпейміз. Сарапшылар, экотуризм немесе саяхатшылық туризм, кейбір тұста белсенді туризм белгілері бар ішкі туризмнің дамуында түйткіл бар екенін жасырмайды. Бұл тұста турист және бизнес қаржысы мен мүмкіндігінің өзара теңдігі орнаса болғаны, ішкі туризмнің әлеуеті арта түсетінін көреміз. Жергілікті билік пен кәсіпкер демалушыға жайлы жол, қажетті азық-түлік, керек-жарағын оңтайлы бағада ұсынатын сауда орындары, жолбастаушы қызметін, көлік трансферін, жеке көліктер тұрағын, шалғай емес, қолжетімді қашықта медицина және төтенше көмек қызметін ұйымдастырса жеткілікті.

Тарихи-өлкетанушылық, этнографиялық-танымдық экспедициялар ұйымдастырумен айналысатын, ішкі туризмнің жағдайын көзбен көріп жүрген саяхатшы Амандық Дәулетбекұлы еліміздің ішкі және сыртқы туристік әлеуеті әлі дұрыс ашылмай отыр деген пікірде. Ол мемлекетке пайда әкелетін сала болғандықтан, жалпы туризмді ішкі-сыртқы деп бөлмеу керек деп санайды.

«Қазақстан аумағындағы турпакет өз азаматымызға және шетелдікке деп емес, орташа чек бойынша бөлінсе, сол тиімді деп ойлаймын. Ал жалпы, Қазақстанның ішкі де, сыртқы да туристік әлеуеті әлі дұрыс ашылмай отыр. Оған мемлекеттің саланы қажет деңгейінде қолдай алмауы немесе турбизнес саласының қалай жұмыс істейтінін ұқпайтын тұлғалардың шешім қабылдау тетіктеріне жақын отыруы себеп деп есептеймін. Ел ішіндегі туризмнің қарқындап дамып кете алмай тұрғанының меніңше екі себебі бар. Бірінші – кәсіпкерлердің және жергілікті халықтың турбизнес концепциясын түсінбеуі. Екінші – инфрақұрылым құру мен оны дамыту бойынша мемлекеттік жұмыстардың жоқтығы не тиімсіздігі», – дейді Амандық Дәулетбекұлы.

Саяхатшының пікірінше, мемлекет инфрақұрылым мәселесін жылдам шешіп отыруы тиіс. Табиғаты тұмса, мәдени колориті жақсы сақталған, тарихи зор маңызға ие локациялар көп. Бірақ табиғи парк аумағында орналасқандықтан, онда кәсіпкердің іс жүргізуіне, табиғатына қол тигізуіне болмайды.

«Ал мемлекеттің бұл аумақта өзі бірдеңе істеуі үшін пәлен уақыт бұрын бюджетке өтініш жазып, бастама көптеген деңгейден бекітіліп мақұлданып болғанша бірнеше туристік кезең өтіп кетеді», – деп қынжылады Амандық Дәулетбекұлы.

Ал туризм саласының сарапшысы, бірнеше авторлық турды жүзеге асырған Амандық Әмірхамзин ішкі туризмді ақсатып тұрған басты мәселе ретінде инфрақұрылым олқылықтарын атайды.

«Жолдағы әжетханалардың жайы қынжылтады. Өз азаматтарымызды елеп-ескермесек те, шетелдіктерден ұялуымыз керек шығар. Олар мұны көріп, көзі атыздай болары анық. Ең алдымен, әжетханаларды жөнге келтіруден бастау керек. Инфрақұрылымның сын көтермейтіні бесенеден белгілі. Келе жатқан турист аялдап демалатын, тамақ ішетін, көлігін қоятын орындар жасақталуы тиіс. Инфрақұрылымның осы мәселесі айналып келгенде бізде туристі әбден шаршатады», – дейді ол.

Алайда сарапшы мемлекеттен қолдау шаралары жасалып жатқанын, бірнеше көмек тетігі қарастырылғанын да атап өтті.

«Жолдың бойында әжетхана салып, оны күтіп ұстайтын кәсіпкерге мемлекет 84 мың теңге береді. Ал шетелден турист тартсаңыз, мемлекет шығынның 17 мыңын төлейді. Содан кейін қысқы шаңғы базасын дамытатын болсаңыз, оған да көмек көрсетеді. Сондай көмектің бірнеше тетігі 6-7 бар», – дейді Амандық Әмірхамзин.

ӘЛІ ТАНЫЛМАҒАН ӘДЕМІ ЛОКАЦИЯЛАР КӨП

Жетісу өңірінде экотуризм басқа өңірлермен салыстырғанда жақсы дамыған. Қазақстандықтар Көлсай, Қайыңды көлін, Шарын шатқалын, Іле Алатау ұлттық паркін жақсы біледі. Адамдар табиғатта демалу үшін барады, онда мінуге ат ұсынылады, қымыз беріледі, яғни экотуризм элементтері бар. Шығыс Қазақстан облысында жатын, тыныңу орындарының барлық жерлерде жасақталмауы байқалады. Қатонқарағай ұлттық паркіне қызығушылар көп болған соң даму қарқыны енді басталды. Экотуризмді дамытуда Маңғыстау облысында әлеует зор. Онда сафари түріндегі саяхатшылық туризмді қолға алуға қолайлы.

Дегенмен бұл бағыттың барлығы – аса танымал бағдарлар. Туризм саласының сарапшысы Амандық Әмірхамзиннің пайымдауынша, отандық турист жыл сайын көбейіп, еліміздің әр өңірінен демалатын жаңа орындар тауып жатыр. Алайда астаналықтар Бурабайға, алматылықтар Алатаудың етегіне барудан аса алмайды. Ал бір облыстан екінші облысқа деген секілді саяхат, белсенді туризм әлі жолға қойылмай тұр.

Амандық Дәулетбекұлы да табиғаты тамаша жерлер, тарихи ескерткіштер отандық туристердің назарынан тыс қалып жатқанын атап өтті.

«Отандық туристер сол баяғы Боз-жыра, Ақсу-Жабағылы, Шарын шатқалы, Алакөл, Қатонқарағай, Бурабай, Баянауыл секілді жерлерге қайта-қайта бара береді. Сосын жалығады. Тұтынушы инфрақұрылымның кемшіліктері мен сервис деңгейінің төмендігінен, қызмет бағасының сәйкес келмеуіне байланысты шет елді таңдайды», – дейді ол.

Амандық Әмірхамзин отандық туристер ішкі туризмге бағытталмағанын, көбіне шетелге шығатынын мойындайды.

«Шамамен жыл сайын 400-600 мың адам шетелге шығады. Пандемия кезіндегі жағдай қазақстандық туристерді өз еліміздегі қызықты, көрікті жерлерді іздеуге мәжбүрледі. Соның нәтижесінде туристер жаңа нысандарды ашты», – дейді ол.

Оңтүстік өңірде, елдің батысында туризм локацияларында тарихи орындар мен діни ескерткіштерге сапарлайтындар қатары өте көп. Олардың сапарын ұйымдастыру да біршама жолға қойылған. Алайда туризм ұйымдары елімізді орталық, солтүстік және шығыс өңірлеріндегі тарихи ескерткіштер мен орындарды өз турларына қосуды естен шығарып алады немесе ол бағыттың табыс әкелетіне сене бермейді.

Амандық Әмірхамзиннің айтуынша, қазіргі тартымды орындар отандық туристер үшін жеткіліксіз екен.

«Тек қана ірі қалаларды алсақ, басты 50 локация бар. Соның онын ғана білеміз. Ол жерлерде де проблема көп. Табиғи тамаша жерлерге келсек, мен өзім барған орындарды санап отырсам, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды облыстарында туристер әлі аяқ баспаған локациялар жеткілікті. Өкініштісі, бізде табиғаты көрікті жерлерге туристердің баруына шектеу бар. Менің ойымша, керісінше туристерді табиғи объектілерге көбірек апарып, сафари сияқты ұйымдастыруға болады. Осы мәселені ойластыру керек», – дейді сарапшы.

САЯХАТШЫ ТАБИҒАТҚА ЗИЯН КЕЛТІРМЕУІ КЕРЕК

Жоғарыда айтып өткен өңірлерді алып қарасақ, экотуризм мен саяхатшылық туризмнің қосарлана дамуы байқалуда. Бір жақсысы, саяхатшылық табиғатқа соншалық зиян келтірмейді.

Амандық Әмірхамзин ішкі туризмнің тынысын ашпай отырған келесі екі мәселені тез арада шешу керектігін айтады. Ол отандық туристердің мәдениетін көтеріп, жүктемесі артып кеткен орындардағы артық адамдарды жаңа локацияларды таныстыру, қызықтыру арқылы азайтуды ұсынады.

«Ішкі туризмде өте өзекті екі мәселе бар. Біріншісі – туристердің мәдениетсіздігі, яғни барған жерін ластау, қоқыс тастау деген сияқты. Екіншісі – кейбір туристік объектілердің туристерді шамадан тыс қабылдауы. Мысалы, Бурабайды алатын болсақ, туристерді қабылдау әлеуеті шамамен 200, әрі кетсе 500 мың адам. Алайда қазір онда 800 мың немесе 1 млн-нан астам демалушы барады. Адамның шамадан тыс көп болуы табиғатқа кері әсерін тигізеді», – дейді сарапшы.

Қуаныш САПАРБАЕВ *(коллаж)*

> *Ел ішіндегі туризмнің қарқындап дамып кете алмай тұрғанының меніңше екі себебі бар. Бірінші – кәсіпкерлердің және жергілікті халықтың турбизнес концепциясын түсінбеуі. Екінші – инфрақұрылым құру мен оны дамыту бойынша мемлекеттік жұмыстардың жоқтығы не тиімсіздігі.*

Амандық Әмірхамзиннің пікірінше, экомәдениетті қалыптастыру үшін айыппұл салуды немесе түсіндіру жұмысын жүргізуді қолға алу қажет. Туристерге қоршаған ортаны ластамау жөнінде түсіндіру жұмысы жүргізіліп жатыр. Алайда оның нәтижесі аз. Сондықтан жауапкершілікке тартып, айыппұл өндіру керек. «Адам қалтасы қағылатын болса ғана тәртіпке мойынұсынады, түсінеді. Сондықтан осы мәселеге де назар аудару керек», – дейді сарапшы.

Кейбір сарапшы экологиялық мәдениетті, сауаттылықты көтеріп, демалушы санасын түземей, мұндай шектеулер үлкен деңгейде әсер ете алмайды деген пікірде. Әрбір адамға ол осы табиғаттың қожайыны емес, бір бөлшегі екенін түсіндірілуі, ол соны сезінуі тиіс. Сондықтан адам табиғатты сақтау жауапкершілігін мойнына алып, өзін-өзі міндеттесе, ол адамның саналы түрде табиғатқа жанашырлығынан туындаса ғана қазіргі келеңсіз жағдайдан арыламыз.

Елімізде туристік бағдарға ілікпеген, инфрақұрылым жетпеген, назардан тыс қалған табиғаты әсем немесе ерекше орындар көп. Осы орынның орталықтан қашықта болуына байланысты оған жайлы жол салу тиімсіз, онда баратын адамдар аса көп емес. Сондықтан экономикалық табысы жеткіліксіз болуына байланысты сол орынға инвестор тартуға, оның шығыны ақталып кетуіне сенім аз. Міне, осындай орындар мемлекеттің, жергілікті биліктің, табиғат жанашырларының назарынан тыс қалып жатыр. Осындай көрікті табиғат нысанын іздеп бара қалсаң, ондағы орынның қоқыс басып кеткені, түрлі қалдықпен ластағанын көреміз. Қоқыс жәшігін қойды дегеннің өзінде оны алып кетуді ұйымдастыру оңайға соқпайды. Сондықтан табиғи қазынамызды осы күйінде сақтап қалу, оны ұрпаққа өзгеріссіз жеткізу мәселесі қазір көпшілікті алаңдатып отыр. Мамандар соның бір шешімі ретінде экомәдениетті дамытуды ұсынылады.

Экобелсенді Ғани Назарбек қоршаған ортаны күтіп ұстау мәселесі экобілімге келіп тірелетінін, оны дамыту үшін елімізде осы саладағы ғылым жоқтығын, дамуы кешеуілдеп қалғанын айтады. Сондықтан бізде азаматтар экоқұқығын білмейді, ол қолданылмай жатыр.

«Адамның экологиялық құқығы болуы тиіс. Бұл – таза ауа, таза су алуына деген құқығы. Сізді біреу ұрса, балағаттаса, құқығымызды талап етеміз. Ал ауаңызды, суыңызды, жеріңізді ластап жатса, ештеңе жасамаймыз. Өйткені «жер мемлекеттікі» деген жаңсақ ұғым қалыптасқан. Оның негізі елге, жерге деген жанашырлық, отанға деген махаббаттан туындайды. Елін-жерін сүйетін адамдар қоршаған ортаны қорғау үшін күреседі. Бұл – өте ауыр күрес. Себебі үлкен қаржылық ұйымдармен, олигархтармен, латифундистермен күресуге тура келеді. Шын мәнінде, ең негізгі ауамызды, жерасты байлықтарымызды, суымызды ластаушы, қоқыстарды кез келген жерге тастаушы компаниялар – елдің жауы. Бірақ адамдар оны әлі түсінген жоқ. Ең бірінші қажеттілік – таза ауа мен су. Ауасыз сусыз қанша өмір сүре аласыз, ойлап көріңіз», – дейді ол.

Сөз соңында айтарымыз, ішкі туризм әлеуеті жоғары, оның қарқынды дами беретіні даусыз. Тек туризм индустриясы қазақ тарихы, мәдениеті, дүниетанымымен байланыса отырып ілгерлеуі кешеуілдеп тұр. Сонымен қатар табиғат жәдігерін таза күйінде сақтап, оны құрметтеп, кие тұтатын турист тәрбиелеу міндеті де аса өзекті.

Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қалалар санатына қосылғалы бұл тарихи шешім қаланың болашағы үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Бұл сөзімізге былтырғы «Алтын сапа» сыйлығы аясындағы «Бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасаған үздік өңір» санаты бойынша арнайы сыйлықты Шымкент қаласының әкімдігіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз қолымен тапсыруы дәлел бола алады.

ШЫМКЕНТ – БИЗНЕСКЕ ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА

Соңғы бес жылда өнеркәсіп өнімінің көлемі 492 млрд теңгеден 937 млрд теңгеге жетті. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 58 мыңнан 110 мыңға дейін өсті. Қала бюджеті 5 жылда 4 есе көбейіп, 146 миллиардтан 642 миллиард теңгеге жетті. Мұның бәрі де кәсіпкерлікті жеткілікті түрде қолдаудың нәтижесі дер едік.

Шымкент қаласының мегаполис деген статусқа ие болуы инвесторларға, бизнес өкілдеріне, әсіресе, жас кәсіпкерлерге, жалпы, барлық азаматтарға тың мүмкіндіктер ұсынды. Экономика жылдан-жылға дамып, инвестициялық ахуал бірте-бірте жақсарып келеді. Жергілікті билік бизнестің алдындағы кедергілерді жою және инфрақұрылымды дамыту бойынша барынша нәтижелі жұмыс атқаруда.

Қалада өндіріс алаңдарына қажеттіліктің артуына байланысты жаңадан жалпы аумағы 867 гектарды құрайтын 5 өндіріс аймағын құру жұмыстары жүргізілуде.

Ал өнеркәсіп саласын алып қарайтын болсақ, жыл сайын қаншама заманауи, инновациялық өнім шығаратын кәсіпорындар, зауыт-фабрикалар ашылып жатыр. Соның бірі – біздің компаниямыздың қаржыландыруымен ашылғалы отырған «Стандарт» жеке индустриалды аймағы. Шымкент қаласындағы бұрынғы қорғасын зауытының орнында біз ауқымды жобаны қолға алып отырмыз. Ол негізгі екі бағыттан тұрады: біріншісі, осы аймақта жинақталып қалған 4,5 миллион тоннадай өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу арқылы мыс, күміс концентратын және

> *Ал өнеркәсіп саласын алып қарайтын болсақ, жыл сайын қаншама заманауи, инновациялық өнім шығаратын кәсіпорындар, зауыт-фабрикалар ашылып жатыр. Соның бірі – біздің компаниямыздың қаржыландыруымен ашылғалы отырған «Стандарт» жеке индустриалды аймағы. Шымкент қаласындағы бұрынғы қорғасын зауытының орнында біз ауқымды жобаны қолға алып отырмыз.*

мырыш оксидін өндіретін зауыт салдық. Бұған дейін қаланың экологиясына, тұрғындардың денсаулығына зиянын келтіріп жатқан өндірістік қалдықтарды өңдеп, кәдеге жаратып жатырмыз. Жобаның екінші бағыты – «Стандарт» жеке индустриалды аймағын құру. Яғни, біздің компания бұрынғы қорғасын зауытының аумағын тазалап, инвестор ретінде өз қаражатымыздың есебінен барлық инфрақұрылым желілерін жүргіздік. Енді бұл аумаққа заманауи талапқа сәйкес келетін өндірістік ғимараттар, ангарлар салатын боламыз.

Шағын зауыт немесе цех ашу үшін кәсіпкер мемлекеттен жер алуы керек. Одан кейін ол жер теліміне электр қуатын, жол, су, газ бен кәріз жүйелерін жеткізу деген де өте ауқымды жұмыс. Әрі мұның барлығын техникалық талаптарға сәйкестендіріп, тиісті органдардан рұқсат алуға тура келеді. Оған қоса, өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкестігін растау керек болады. Ал біздің индустриалды аймаққа келіп, дайын өндірістік ғимаратты жалға алған кәсіпкер осы кедергілер мен әуре-шіліктен құтылады. Өндірістік құрылғыларын орнатып, жұмысын дереу бастап кетуіне болады.

Алғашқы кезеңде 27 мың шаршы метрлік ангарлар биыл салынып бітеді. Әрі қарай тағы да ғимараттар салып, аймақты кеңейте беретін боламыз. Болашақта бұл аймақта шамамен 100 шағын және орта кәсіпорын жұмыс істейді деген болжамымыз бар.

Жалға алу тарифтерін Шымкент қаласының әкімдігімен келісе отырып белгілейміз. Бұл жердегі ең үлкен жеңілдік – бизнесмендер Шымкентте ғана жұмыс істейтін «Іскер қала» атты бірегей өңірлік бағдарлама арқылы мемлекеттен көмек алуына болады. Атап айтқанда, алғашқы өндірістік ғимаратты жалға алу ақысының 75 пайызы, екінші жылы 50 пайызы және үшінші жылы 25 пайызы субсидияланады. Осы үш жылдың ішінде бизнес өкілдері аяғынан тұрып, ары қарай өз қамын өзі істей алатын жағдайға жетуі тиіс.

Шымкент қаласында тек қана өнеркәсіп саласы ғана емес, құрылыс та ерекше қарқынмен дамып келе жатыр. Соның айғағы ретінде 5 жылдың ішінде 3 миллион 700 мың шаршы метр тұрғын үйдің салынуын айта аламыз. Қазір әр жыл сайын 1 миллион шаршы метрден астам үй салынып жатыр. Бұл тек халықты баспанамен қамтамасыз ету мәселесін шешіп қана қоймайды. Өткен жылы қала экономикасына 550 миллиард теңге инвестиция салынған болса, соның 200 миллиардтан астам тұрғын үй құрылысына бағытталыпты. Яғни, құрылыс саласы Шымкент экономикасының негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр десек қателеспейміз.

Бүгінде мемлекет өнеркәсіпті дамыту, шағын және орта бизнесті қолдауға баса назар аударып отыр. Шымкент қаласындағы «Іскер қала» өңірлік бағдарламасындағы қолдау тетіктері кәсіпкерлер үшін тиімді.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, Шымкенттің мегаполис статусына ие болуы оның қарқынды дамуына және инвестициялық тартымдылығының артуына жол ашты. Еліміздің үшінші мегаполисінде еңбек етемін, бизнес жүргіземін, алға басып, табысты боламын деген азаматтарға барлық мүмкіндік бар.

Серікжан СЕЙІТЖАНОВ,
«Саутс-Ойл» компаниясының президенті

ІЛІМШІЛ ЖАН

«Не көрсең де тірлікте, сыйласқан жақсы бірлікте» демекші, мақаланың басты кейіпкері – тәлімі терең, жаны нұрлы азамат Айбын Төреханов пен ұзақ жылдардан бері аралас-құралас болып келеміз. Екеуміздің таныстығымыз сонау тоқсаныншы жылдардан басталады.

Біздің алғашқы таныстығымыз сонау 1990 жылдардағы Бүкілодақтық мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының (ВИЖ) аспирантура кезеңінен бастау алады. Сол кездің өзінде Айбын құрдасым ВИЖ-дегі аспиранттар ортасында өзінің жүріс-тұрысымен, білімімен ерекшеленіп тұратын. Отызға толмаған жігіттік шағының өзінде білгенін, көңілге тоқығанын айтып, ғылымның озығы жайлы ойларымен бөлісіп, жайдары көңілмен бек рахаттанып әңгіме айтатын. Кейде, генетикалық үрдістер жайында Жанұзақ Әкім мен Өтебай Бисенов бас қосқан отырыстарда таңға дейін пікірталас жасап, ертесі жұмысқа кете беретін. Ғылыми жұмысы сүтті сиырдың биологиялық әлеуетіне байланысты болғандықтан, таңғы сауымға ерте кететін де, кешкі сауымды аяқтап кеш келетін. Аз ұйықтап, көп еңбектенсе де, әсте шаршадым дегенін естіген емеспін.

Айбын кейіннен Ауыл шаруашылығы министрлігіне ауысып келіп, мемлекеттік қызмет атқарғаннан соң республикалық мал асылдандыру орталығы «Асыл түлік» қоғамын ұйымдастырғанына және «Мал шаруашылығы және мал азығы өндірісі ғылыми-өндірістік орталығы» мекемесінде басшы болып еңбек етке ніне ерекше мән беремін. Өйткені, осы кезеңде белгілі қоғам қайраткерлері Қилыбай Медеубеков, Қасым Асанов және Рақым Оразалиев сияқты академиктердің бастамасымен Айбын ауыл шаруашылығына аса қажет үлкен шараларды ұйымдастыруға мұрындық болып, игілікті істердің басы-қасында жүрді.

Айбынның докторлық жұмысы Қазақстандағы табиғи жайылымдардың жай-күйі, оларды ұтымды игерудің оңтайлы жолдарын ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мәселелеріне арналды. Өзекті мәселенің түйінін тарқатып, диссертацияны ойдағыдай қорғап шықты. Осы еңбегінің арқасында «ҚР Ұлттық атласын» дайындау кезінде ауыл шаруашылығы бөлімінің материалдарын әзірлеуге басшылық жасау Айбынға бұйырды.

Ауыл шаруашылығы жүйесіне келгенде дейін бизнес, аудан әкімінің орынбасары, «КазАгропромбанк» жүйесінде қандай қызмет атқарса да ғылымнан алыстап кетпеді. Сөз ретіне орай, бизнесте мал шаруашылығын дамытудың озық технологиясына бағытталған жобаларға басшылық жасаса, банк саласында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық сауығуына ғылыми тұрғыдан көзқарас танытқанын атап кеткен жөн. Талдықорған ауданының әкімінің орынбасары қызметінде шаруаларды жаңа технологияға үндеп, шаруашылықтардың қызметін тиімді ұйымдастыруды ғылыми қамту мәселелеріне зор мән берді.

Мал шаруашылығы саласында цифрландыру мәселесі бойынша алғашқылардың бірі болып бастама көтеріп, мал туралы барлық ақпарат шоғырланған ақпараттық-сараптамалық жүйесін түзіп, Айбынның мал асылдандыру ісіне серпін беруге мұрындық болғанын да мақтанышпен айта алам.

Айбын Төреханов бүгінде қазыналы жас алпысқа жеткен екен. Шерхан атамыз: «Алпыс – тал түс» деген екен, досым түстік өмірге енді жетті, ендігі Алланың қалауымен кештік малын жинау үшін ел игілігіне қызмет ете беру бұйырсын!

Серік ҚАНАТБАЕВ,
биология ғылымдарының докторы, профессор

«GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» ЖШС сатып алынбаған кепілдегі мүліктерге: алтыннан жасалған бұйымдар № 1- № 478 лот бойынша сауда жариялайды:

Бастапқы бағасы:
1.585 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 17 138 теңге/грамм
2.585 2 санатындағы бұйымдар – 18 852 теңге/грамм
3.585 сынаманың 3 санатындағы бұйымдар – 20 566 теңге/грамм
4.500 сынаманың төмен сынама бұйымдар – 14 648 теңге/грамм
5.375 сынаманың төмен сынама бұйымдар – 10 986 теңге/грамм
6.750 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 21 972 теңге/грамм
7. 750 сынаманың 2 санатындағы бұйымдар – 24 169 теңге/грамм
Аукцион 14-00-де 09.08.2023 жылы Астана қаласы Сейфуллин көшесі 14 үй мекенжайы бойынша өтеді.
Аукционға қатысу үшін өтініштер келесі мекенжай бойынша қабылданады : Астана қаласы Сейфуллин көшесі 14 үй мекенжайы бойынша ағылшын әдіспен өтеді.
Тел: 8 (717-2) 22-22-55; 8 (775) 154-17-49
Кепілдік жарна сомасы ұсынылған сомадан 5% төлем ақысы қабылданады. Аукцион басталатын уақыттан 1 сағат бұрын өтініштерді қабылдау тоқтатылады. Төлем жасау шарты 100% – 5 жұмыс күн ішінде.
Деректемелер: «GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 071140021635, СТН 581500213269, ЖСК KZ39551X125000008KZT, БСК KSNVKZKA, КБе 15, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ
Сенімді тұлға: Шакирова Асемгуль Каирбековна.

ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMarket»объявляет торги невыкупленного залогового имущества: изделия из золота по лотам с № 1 - № 478

Стартовая цена:
1. Категория 1 изделия 585 пробы –17 138 тенге/грамм
2.Категория 2 изделия 585 пробы –18 852тенге/грамм
3. Категория 3 изделия 585 пробы – 20 566 тенге/гр амм
4.Низкопробное изделие 500 пробы – 14 648 тенге/гр амм
5.Низкопробное изделие 375 пробы – 10 986 тенге/грамм
6. Категория 1 изделия 750 пробы – 21 972 тенге/грамм
7. Категория 2 изделия 750 пробы – 24 169 тенге/грамм

Аукцион состоится 09.08.2023 года в 14-00 по английскому методу по адресу: г. Астана, ул.Сейфуллина 14.

Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу: г.Астана, ул.Сейфуллина 14, тел. 8 (717-2) 22-22-55; 8 (775) 154- 17- 49
Сумма гарантийного взноса – 5% от заявленной суммы.
Прием заявок прекращается за 1 час до проведения торгов. Условия оплаты 100% в течение 5-ти рабочих дней
Реквизиты: ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMarket», БИН 071140021635, РНН 581500213269, ИИК KZ39551X125000008KZT, БИК KSNVKZKA, КБе 15, АО «Банк Фридом Финанс Казахстан»
Доверенное лицо: Шакирова Асемгуль Каирбековна

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорығы » республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

1. Орналасқан орын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Түркістан облысы Ордабасы ауданы Бадам ауылы А.Жангелдин көшесі, 14/2 үй мекенжайында орналасқан, тел: 8 (72530) 4-62-30.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты оның құрамына кіретін тарихи-мәдени мұра объектілерін және олар орналасқан аумақтарды анықтау, зерделеу, қорғау және сақтау, түпнұсқалы мұражай коллекциялары негізінде көркем және ғылыми экспозицияларды жасау және оларды кеңінен тарату болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер (туризм, мәдениетынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер (туризм, мәдениетынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

3. Лауазымдық міндеттері:

Мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкін сақтау және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; ұйымның саясаты мен стратегиясын белгілейді, оның бөлімшелерінің музей қорын қалыптастыру, сақтау бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану бойынша жұмысын ұйлестіреді; музейдің (музей-қорықтың) жоспарларын, бағдарламалары мен жобаларын жасау және жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет бағыттары бойынша олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын ұйлестіреді; ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді, Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын, тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді; Қазақстан Республикасының және шет елдердің мәдениет және өнер ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді; ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолданады; директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілері мен мамандары арасында жұмыстың жекелей бағыттарын бөледі; шарттарды жасайды және бұзады, мәмілелер жасайды, сенімхаттар береді, қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

4. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін; «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексін; Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін; Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін; «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын, ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшалармен);
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;
6) 075-у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7) жеке куәліктің көшірмесі;
8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет (кандидатпен EGOV арқылы алынады).

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2023 жылғы «27» шілдеден бастап 2023 жылғы «10» тамызға дейін жүргізіледі.

6. Конкурстың өткізілетін күні мен орны:

Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматында.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-05-66 телефондары бойынша алуға болады.

Ертеден ат үстінде күн кешіп, түн қататын көшпенді бабалардың ұлттық ойындары да атпен байланысты болды. Әсіресе, көкпар, бәйге дегенде ішкен асын жерге қойып, делебесі қозбайтын қазақ жоқ десек болар. Көкпар – білекті де жүректі, тақымы тастай берік жігіттердің сүйікті ойыны болды. Ал қыз баланың көкпар тартуы қазақ үшін таңсық десек болардай. Тек соңғы жылдары бұл ұлттық ойынымызды ерлермен тең ойнайтын нәзік жандылар бой көрсете бастады. Соның бірі – Ева ару. Жастайынан аттың жалында өскен көкпаршы қыз Ева Жигалина жайлы «Ева. Батыр қыз» атты деректі фильм түсірілді. Бұл – бала кезінен дала төсінде ойқастап, бар мәдениетін бойына сіңіріп өскен табанды қыз туралы фильм.

АТ ҮСТІНДЕ АТОЙ САЛҒАН ЕВА

Наурызбек САРША

Деректі фильмді Black & White Production компаниясы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының демеуімен түсірген болатын.

Фильм көрерменді эмоциялық саяхатқа үйіріп әкетіп, сол уақытта кейіпкердің алдындағы қиындықтарын, оның сәйгүлікке деген махаббатын паш етеді. Басты кейіпкер Ева Жигалина алғаш рет атқа 10 жасында мініп бастаған. Бастапқыда әкесіне мал жаюға көмектесіп, жай ғана атпен серуендейтін аруды 13 жасында ауыл тұрғындары асау аттарын үйрету үшін жұмысқа жалдай бастаған. Ал 15 жасында Ева көкпарға қызығушылығы артып, алғаш рет көшпенді елдің ұлттық ойынына аңсары ауған.

«Ата-анам көкпарға қатысуға тыйым салған. Бірақ бір жерде көкпар болып жатыр десе, делебем қозып, үйден қашып кететінмін. Көкпарға алғаш рет 15 жасымда қатыстым. Шақырусыз барған едім. Өзім де таңғалдым. Атта отырып, ерлердің көкпарда жан алып, жан бергенін көрдім. Оларға қосыла кетіп, серкені тартып алыппын. Ерлер мені қуа жөнелді, бірақ ұстатпай кеттім. Қазір жұрттың көкпарға қызығуы артқанын көріп жүрмін. Маған ұлдар да, қыздар да хат жазып, үйретші деп жатады», – дейді Ева Жигалина.

«Ева. Батыр қыз» деректі драмасы – Темірбек Аманжолдың режиссерлік алғашқы қадамы. Темірбектің өзі де атпен саяхаттауды және атқа міну мәдениетін зерттеп жүр. Еваның хикаясы – салт-дәстүр, жігер мен құрбандық шиеленіскен әлемге шытырман саяхат. Режиссердің ойынша, осындай қым-қуыт әлемде нәзік жан ағысқа қарсы жүзіп, махаббат пен жалынның алмайтын қамалы жоғын айшықтайды.

«12 жылдан бері аттарды фильмдерге түсіріп, атқа міну мәдениетін, неономадизмді зерттеп жүрмін. «Ева. Батыр қыз» фильмінде қазақылықтың формуласын паш еткім келеді. Елі бөтен, діні бөтен басқа жұрттар неліктен осы ойынға ғашық болып, бар өмірін сарп етуге бар? Көкпар мен аттар несімен тартады? Еңбекті осы сұрақтарға жауап іздейтін зерттеу десеңіз де болады», – дейді Темірбек Аманжол.

Фильмнің продюсері Думан Қожахметтің пікірінше, осы фильмнің халықаралық деңгейге шығу әлеуеті мол. Ол қазір бірнеше шетелдік стриминг-сервиспен прокат туралы келіссөздер жүріп жатқанын айтты.

Қиындықтарға мойымастан табандылық танытқан ару көкпар тек ерлердің ойыны деген стереотиптерді бұза білді.

Бүгінде Ева Алматы облысының Жамбыл және Қарасай аудандарындағы ең белсенді көкпаршылардың қатарына кіреді. Жылқыларды бағу, өсіру және қолға үйрету – жолдасы Тельман Мұсаев екеуінің отбасылық жұмысы.

ЖАҚСЫ ЖҰМЫС – ЖАНҒА ЫРЫС

Мемлекет басшысы алқалы жиындарда, өзінің халыққа арнаған Жолдауларында еліміздегі қарапайым еңбек адамдарын қадірлеп, олардың маңдай терінің ақталуына қажетті барлық жағдайды жасау, еңбектерінің лайықты түрде еленуіне ықпал ету жайлы жиі айтып, жазып жүр. Қазақстан халқына кезекті Жолдауларының бірінде ол: «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек» деп өзінің еңбек адамына қатысты көзқарасын нақтылап, тиісті деңгейде тапсырмалар берді.

Расында, солай, көп жағдайда қалаларды айтпағанда, ауылдардағы қарапайым еңбек адамдардың ел ертеңі үшін таң атпастан жұрттан бұрын тұрып, түн ортасына дейін тыным көрмей, жерлестерінен кеш жатып, тынбай еңбектенуі көбіне елеусіз қалады. Солардың қатарына зейнетке шыққа да ауылындағы наубайханада тамшылатып тер төгіп, жерлестерінің қолын ұзартып отырған Бақтыгүл Бөлекбаеваны қосуға болады.

Бақтыгүлдің наубайханада нан-тоқаш өнімдерін пісіріп жүргеніне он жылдан асыпты. Жаныңдай жақсы көретін жұмысты Қарашоқы ауылындағы наубайханада бастаған. Осында біраз жыл жұмыс істеген соң мұндағы кәсіпорын жабылып қалып, амалсыздан аудан орталығы Сарыөзектегі наубайханаға ауысып, біраз уақыт осында тер төкті. Қолы ұсынықты, нан өнімдерінің бабын беске білетін, өз ісінің білгір маманы мұнда да тек жақсы жағынан көрінді. Туған жері – Қарашоқыдағы наубайхана қайта іске қосылғанда, еш ойланбастан ауылға оралды. Ауылдастарының нан өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандырып, тапсырыстарын тап-тұйнақтай етіп орындап жүргеніне бір жылдан асты. Нан мен тоқаштың түр-түрін пісіріп, жерлестерінің алғысына бөленіп жүр.

Ол нан өндірісі технологиясын жатқа біледі, қажетті өнімдердің өлшемдерін, құрамын жадына мықтап сақтап алған. Соңғы үлгідегі наубайхана жабдықтарының тілін де жан-жақты меңгеріп, нан-тоқаш өнімдерінің сұранысқа сай болуын басты назарында ұстайды.

«Мамандықтың оңайы жоқ. Дегенмен наубайханашылықтың орны басқалардан бөлек, жоғары жауапкершілікті, ыждағаттылықты, тазалықты қажет етеді. Өйткені ас атасы – нан пісіру жүрдім-бардымды, бейқамдықты, жайбарақаттық пен жауапсыздықты көтере алмайды», – дейді кейіпкеріміз.

Қосағы бұл өмірден ертерек өтіп кетті. Жалғыз қалдым демеді. Бес баланы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бағып-қақты, өсіріп-жеткізді. Олардың төртеуі өз алдарына түтінін түтетіп, жеке-жеке отбасы болып отыр. Көпбалалы ана ретінде 53 жасында зейнеткерлікке шыққанымен, еңбектен қол үзген жоқ. Әлі күнге ауылдағы наубайхананың жұмысын жүргізіп, жерлестерінің алғысына бөленуде.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

ПАРАТЕННИСТЕН ЕЛ БІРІНШІЛІГІ ӨТЕДІ

Бүгін Астанада алғаш рет Арбадағы теннистен ел чемпионаты өтеді.

Жарысқа еліміздің 7 өңірінен 40-қа жуық спортшы қатысады. Жарыстың мақсаты – арбадағы теннис спорт түрін елімізде дамыту, қатысушылар арасында үздік спортшыларды анықтап, ұлттық құрама сапына іріктеу, – делінген Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратта.

Айта кетсек, арбадағы теннис – елімізде енді дамып келе жатқан паралимпиадалық спорт түрі. Бұл спорт түрінен тұңғыш рет Қазақстан чемпионаты Алматы қаласында 2022 жылы өтті. Чемпионатқа 6 өңірден 20 спортшы қатысқан.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4330
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Жәнібек АМАНГЕЛДІ